



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ЖАСТАР ІСІ КОМИТЕТІ



«ЖАСТАР» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ОРТАЛЫҒЫ»

Ер қадірін ел білер, зер қадірін зергер білер

Әдістемелік құралы

АСТАНА
2013

УДК 373
ББК 74.268.5
Е 64

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Жастар ісі комитетінің тапсырысы бойынша*

Е 64 Ер қадірін ел білер, зер қадірін зергер білер: Әдістемелік құрал /
Редакциялық алқа мүшелері: *С.Қ. Сұрағанов , З.Қ. Сұрағанова, Ж.Қ. Боқанова,
Ж.К. Кәрімова, Г.Т. Ілиясова, А.С. Әлмағанбетов. –*
Астана: «Шикула және К» ЖШС, 2013. – 40 б. – қазақ тілінде.

ISBN 978-601-7507-08-4

Әдістемелік құрал «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен» даярланған.

Халықтың кәсіби шығармашылығының даму тарихын оқып-үйрену қазақтардың тарихи-мәдени материалдық мұраларының жарқын тұстары жайында білім аясын кеңейтуге, эстетикалық талғам қалыптастыруға септігін тигізеді. Жастармен оқу-әдістемелік және тәрбиелік жұмыс жүргізу үшін қосымша құрал ретінде жалпы білім беретін мектептер мен техникалық және кәсіптік білім беру саласының мұғалімдеріне арналған. Әдістемелік құрал 13-18 жас аралығындағы жасөспірімдердің, бозбалалар мен бойжеткендердің қақтың дәстүрлі зергерлік өнерінің тарихына, оның заманауи даму үрдісіне деген қызығушылығының белсенділігін арттыруға бағытталған.

ISBN 978-601-7507-08-4

УДК 373
ББК 74.268.5

КІРІСПЕ

Қазақтың дәстүрлі зергерлік өнері халықтың тарихымен тығыз байланысты және тарихы мыңдаған жылдар қатпарларынан бастау алатын көшпенділік өмірдің айнасы іспетті. Қазақтардың өзге кәсіпшілігімен салыстырғанда, зергерлік өнер күні осыған дейін ежелгі Еуразия өнерінің ең озық үлгілері арнасында одан әрі дамып келе жатқан өміршең дәстүр болып табылады.

Тап осы өнердің бойынан қазақ халқының мақсат-мұраттары, дәстүрлері, талғамы, көркемдік және техникалық деңгейі мейлінше толық та жарқын көрініс тапқан. Ежелгі және осы заманғы шеберлердің қолынан шыққан ең үздік бұйымдар уақыт арнасының әлі де үзілмей келе жатқанын көрсетеді. Халық шеберлерінің ұрпақтан ұрпаққа көздің қарашығындай қадірлеп жеткізген зергерлік өнер дәстүрлері осы заманғы кәсіби шеберлердің шығармаларынан анық байқалады. Олардың қолынан шыққан бұйымдар түрлі көрмелерде қойылуымен қатар, әлемнің белді мұражайларының сұранысына ие болуда.

Дәстүрлі зергерлік өнер – қазақ халқының дүниетанымы мен материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын, осы уақытқа дейін құндылығын жоймаған этникалық, рухани көркемдік болмысының көрінісіне айналды.

Осы құралды даярланған авторлар ұжымы қазақстандық жастарды ұлттық тарихты және тарихи-мәдени мұраларды оқып-үйренуге тарту жұмысында зергерлік өнер тарихына жүгінуді маңызды міндет деп санайды.

ҚР Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан–2050 Стратегиясы»: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа бағыты» Жолдауында дәстүрлі құндылықтарды негізге алған мәдени мұраларды сақтап қалуға, адамгершілік ұстанымдарды нығайтуға басты назар аудару қажеттігін атап өткен болатын.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жастар ісі комитетінің тапсырмасы аясында «Иманды ұл, инабатты қыз – елдің көркі» әдістемелік құралы отбасылық тәрбие бойынша жастардың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға, халықтық дәстүрлер мен мәдени код: тіл, рухани құндылықтарды силауға бағытталып әзірленді.

Әдістемелік құралдың басты мақсаты – 13-18 жас аралығындағы жасөспірімдердің, бозбалалар мен бойжеткендердің қазақтың ұлттық тарихына, оның дәстүрлеріне, халықтық өнерге деген қызығушылын арттыру болып табылады.

Зергерлік өнердің тарихын оқып-үйрену жас жеткіншектерге қазақтың тарихи, мәдени материалдық мұраларының жарқын беттеріне ден қойып, сусындауға, көшпенділік өркениеттің ғажайып бейнелік және нышандық әлеміне бойлауға, зергерлер шығармашылығының жоғары талғамдық сұлулығын түйсінуге мүмкіндік береді.

Бұл әдістемелік құрал жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне қазақстандық жас жеткіншектерге патриоттық және эстетикалық тәрбие беру жұмысында бірден-бір көмекші құрал болып табылмақ.

I тарау.

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

*«Елдің жайын ел баққан, ерлер білер деген сөз.
Зердің жайын зер соққан, зергер білер деген сөз».*

Жамбыл

1.1 Ежелгі және орта ғасырларда Қазақстан аумағында зергерлік кәсіптің пайда болуы

Қазақстан аумағында зергерлік істің пайда болғаннан бергі даму жолы өте ұзақ. Зергерлік өнер неолит, қола дәуірлерінің, орта ғасыр және Орталық Азия, Қытай, Таяу Шығыс мәдениеттерінің дәстүрлері мен жетістіктерінің сабақтастығы негізінде қалыптасты.

Қазақстандағы зергерлік кәсіптің даму тарихын шартты түрде келесі тарихи кезеңдермен қарап шығуға болады:

1. Ежелгі Қазақстан (тас ғасыры);
2. Ертедегі дәуір (қола дәуіріндегі Қазақстан);
3. Сақ-сармат дәуірі (ертедегі темір дәуірі);
4. Ертедегі орта ғасырлар (VI – IX ғғ. 1-ші жартысы);
5. Кейінгі орта ғасырлар (IX–XIII ғғ. 2-ші жартысы).

Адамдар тас ғасырының бірінші кезеңінде тастан, ағаштан, жануарлардың сүйектерінен, ұлутастан және басқа материалдан қарапайым бұйымдарды жасаған болатын. Уақыт өте келе тас өңдеудің жаңа технологиялық әдістері пайда бола бастады. Сол кездерде тастан балта, кетпен, келі, үйкеуіш және тағы басқа бұйымдар жасаса, тастың нефрит, яшма, серпентин және басқа да түрлерінен білезік, салпыншақ сияқты әшекей бұйымдарын жасаған екен.

Зергерлік кәсіптің дәстүрлері қазіргі Қазақстан аумағындағы Алтайдан Орал, Сырдариядан Оңтүстік Сібір аралығында қоныстанған мал шаруашылығымен айналысқан тайпалардың мәдениетінен бастау алған.

Осынау байтақ кеңістік қойнауларынан қоладан, алтыннан, күмістен, темірден жасалған, қымбат және жартылай қымбат тастармен безендірілген бірегей де сирек кездесетін бұйымдар табылған.

Қазақтардың археологиялық қазбалары мен зергерлік бұйымдарын салыстыра келе, зергерлік өнерде дәстүрлер мен сабақтастықтың сақталып келгенін айтуға әбден болады.

Темір балқытуды меңгерген Қазақстанның тұрғындары дамудың келесі кезеңіне кіреді. Негізгі материалдар мыс пен қалайы қоспасынан жасалған қола болатын. Қоладан түрлі қару-жарак, еңбек құралдары (кетпен, орақ), сондай-ақ, зергерлік әшекейлер жасалған.

Осы дәуірде Қазақстанда қола орасан көп өндірілген. Жезқазған өңірінде 100 мың тонна мыс, Орталық Қазақстанда 130 тонна өндірілген мыс, 15 мың тонна қола қоспасын өндіруге жеткілікті болған.

Сақ кезеңіндегі ескерткіштер «аң стилі» деген мәнерге жатады. «Аң стилі» – көркемсурет өнері мен сақ-сармат дәуіріндегі сәндік стиль.

«Аң стилінің» тақырыбын аңдардың, жануарлардың бейнесі және мифологиялық құбыжықтар айқындайды. Осы кездегі қазбалық олжалар ежелгі зергерлердің керемет шеберлігіне дәлел бола алады.

Есік қорғанынан табылған әшекей. Біздің дәуірге дейінгі VI-V ғғ. Алтын және бағалы металдар мемлекеттік мұражайы.



Ежелгі Берел шеберлерінің қолынан шыққан, қалыптау, нақыштама, жозылау (ескертпе: зергерлік техника түрлері), біздің дәуірге дейінгі VII-V ғғ. сияқты күрделі зергерлік техникада жасалған әйгілі шілікті бұйымдары, Есік қорғанынан табылған бірегей үлгідегі алтын тілімшелермен және жануарлардың бейнелерімен безендірілген «Алтын адамның» (біздің дәуірге дейінгі VI-V ғғ.) киімі асқан шеберліктің айғағы.

Алматы қаласының маңайында 1969 жылы Кемал Ақышевтың жетекшілігімен археологиялық экспедиция тапқан ежелгі Есік сексеуіл қорғаны қазіргі таңда бүкіл әлемге танымал. Шырша бөренелерімен қаланған, едені ағаш моладан киімі тұтас алтын тілімшелерінен жасалған сақ патшасының мүрдесі табылған болатын. Патшаның басына кигізілген биік, үшкір бас киім Күн құдайын бейнелейтін қанатты тұлпарлар бейнесімен әшекейленген және оның қару-жарағын құраған семсер мен қысқа қанжар патшамен бірге жерленген. Патшаның үстіндегі киімі аң стилінде орындалған 4000 алтын элемент-бөлшектерден тұрады. Сонымен қатар, моладан қымыз құйылған саз құмыралар, етпен қоса көмілген ағаш астаулар, күміс пен қоладан құйған қымбат ыдыс-құмыралар табылды. Есік қорғаны сақ кезеңінің ең ірі археологиялық ескерткіші болып табылады. Ескерткіш біздің дәуірге дейінгі IV ғасырға жатқызылып отыр.

Есік обасынан табылған «алтын адамның» моласынан 26 таңбадан тұратын жазуы бар күміс шара табылған болатын. Ол таңбалардың мағынасы әлі ашылып болған жоқ. Ғалымдардың пікірінше, жазу иран тілінде немесе арғы түрік тілінде жазылған.

Қанатты барысқа мінген «Алтын адам» қазіргі кезде Қазақстанның ұлттық нышаны ретінде алынып, бүкіл әлемге әйгілі болды.

Біздің дәуірге дейінгі III-II ғғ. «аң стилінің» орнына біртіндеп «полихромды» стиль келе бастады; осы стильдегі бұйымдардың үлгілері Алтай алқабынан бастап Қырымға дейінгі аралықта сақталып келген.

Бұл стильдің ерекшелігіне түрлі-түсті тастардан «көз» салған, зерлі белдікше қатарлары, үш-төртбұрышты өрнектермен әшекейленген эмаль қалқалы металл (алтын, күміс немесе қола) тілімшелерінің кеңінен пайдаланылуы жатады.

Полихромды стильдің ең үздік үлгілерінің қатарына алтын мен күмістен жасалған тәж, «колты», сырғалар мен сом білезіктер, «гривналар – әйелдердің мойынға, кеудеге тағатын әшекейлері», белдіктердің ұштары және тағы басқалар

жатады. Қазіргі кезде халық арасындағы зергерлер әлі де жасап жүрген қазақы сырғалардың сұлбасы жоғарыда айтып кеткен «колты – әйел бас киімінің екі жақ самайынан түсіп тұратын әшекей – «құлақшаларға» келеді. Жүргізілген тарихи зерттеулер Жетісу, Талас пен Сырдария өзендерінің аңғарларында ғұндардың, үйсін мен кангюй (біздің дәуірге дейінгі III-I ғғ.) тайпаларының полихромды өнер нұсқаларының болғанын дәлелдейді.

Полихром стиліндегі ескерткіштер қатарына Алматы төңірегіндегі Қарғалы шатқалының Мыңошақ моласынан табылған үйсін тайпасынан шыққан бай әйелдің әшекей бұйымдарының жиынтығын құраған үш жүзден астам бұйымдар жатады.

Колты – самайлық әшекей салпыншақ-«құлақшалар». Полихром стилі. Алтын, анар тас, альмандин. Бүршіктеу, бедерлеу, инкрустация. Актасты моласы. Шығыс Жетісу өңірі. А.Ақышевтың қазба жұмыстары. Б.д.д. V-III ғғ.

Полихром стилі орталықтарының бірі Орталық Қазақстан болып табылған. Бұл жөніндегі деректерге Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданындағы Қарағаш ауылының маңынан, Сарысу өзенінің жағасындағы қорғаннан табылған ескерткіш те негіз болып отыр. Ертедегі көшпенділер өнерінің ескерткіш-үлгілері сол кезде полихром стилінің жақсы дамығандығын көрсетеді.



Тарихи деректер бойынша, мал шаруашылығы мен суармалы егін егуден тыс, осы кезде экономиканың маңызды бөлігін алтын мен күміс өндіру және оларды өңдеу жұмыстары құраған. Темір өндіру жөніндегі алғашқы ақпараттар V ғасырға жатады. Қытай дереккөздерінде Алтай тауларының етегіне қоныстанған түріктердің жужандар үшін темір өндіргендігі туралы жазылған. Сяньбийліктердің, кейін жужандардың бодауында болған олар, алым-салықтың орнына темір өндіруге міндетті болған.

Қазіргі кезде негізгі алтын мен темір өндіретін кеніш орындарының Орталық, Солтүстік Шығыс Қазақстанда және Жетісуда орналасқандығы белгілі болып отыр. Көптеген кеніш орындарының жұрты әлі күнге дейін сақталып келген.

Тау-кен ісімен және металлургиямен айналысу қолөнер еңбегінің кеңінен дамып, оның ауылшаруашылық еңбегінен бөлініп, сауда мен металл құю, темір ұсталығы және зергерлік кәсіптерге ауысуға ықпал жасады. Оның ішінде, темір бұйымдарын жасаумен шұғылданатын темір ұсталығы ең кең тараған кәсіптің түрі болған еді. Қалалық ұсталар әдетте қаланың бөлек орамдарында орналасатын болған. Олар қоладан, алтыннан және күмістен білезік, салпыншақ әшекейлер, сырға, айылбастар жасайтын. Күміс пен алтынның ірі өндіріс орындары Талас алқабының таулы аймақтарында орналасқан. Осы жерде өндіріліген күмістің мол қоры Қазақстанның, Орта Азия мен Шығыс қалаларына тасымалданғаны туралы деректерді X ғасырдың авторы, араб әл-Мақдиси хабарлайды.

Мұнда көптеген кеніш орындарымен қоса, тау-кен ісінде қолданылған жабдықтар жиналып, металл балқытқан орындар мен балқыту пештерінің қалдықтары табылған.

Әсіресе, Шымкент көмбе қазынасы мен Шу алқабынан табылған X-XI ғғ. күміс білезіктер мен Отырардан табылған XIII ғасырдың әшекейлер жиынтығы өте қызықты болып отыр.

Тарихи деректер мен археологиялық олжалар ата-бабаларымыздың бізге жоғары талғамды мәдени мұра қалдырғандығына көзімізді жеткізеді. Қазақ зергерлері өткеннің зергерлік өнегесі мен дәстүрлерін өшірмей, көпшілігін сақтап келіп, бізге жеткізе білген. Қазіргі заманғы буын өкілдері зергерлік өнердің бірегей ескерткіштерінің арқасында ұлттық сәндік қолданбалы өнердің шығу тегі мен даму жолын бағамдап, біле алады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Тас дәуірінде Қазақстанда бұйымдар мен әшекейлер қандай материалдан жасалған?
2. Аң және полихром стильдерінің ерекшеліктерін сипаттап беріңіз.
3. Ежелгі және ертедегі орта ғасырларда Қазақстан аумағындағы зергерлік өнердің негізгі түрлері мен ескерткіштерін атап шығыңыз.

ӨЗ БЕТІНШЕ ОҚУҒА АРНАЛҒАН

Алтын адам туралы аңыз

Бір замандарда Алатау мен Қаратау бөктерлерінің аралығындағы байтақ жерде көптеген тайпалар өмір сүрген екен. Солардың бір тайпасы өзінің тұрақты мекені ретінде шыңы көкпен таласқан тауларды қақ жарып ағып жатқан Іле өзенінің сағасын таңдап алады. Бұл тайпаның ұл-қыздары бет пішінімен бір-біріне ұқсас болған және олар бір тілде сөйлесіп, ұғынысқан. Ол халық айбынды да дәулетті болған.

Күндердің күнінде тоғыз ұлы бар Қасқалдақ батырдың отбасында оныншы бала дүниеге келеді; бұл баланың төбесінде алтын айдары - алтын түстес ұзын бір тұтам шашы болған екен...

Үйдің кенжесі болғандықтан, үлкендерінің алақанында еркелеп жүріп, еркін өсе берді. Бірақ Алтын-айдар ерке болғанымен, ақымақ, шолжың болған жоқ. Тырнақтай кезінен ол атжарыстарына құмартып, бәйгеге қатыса бастады. Қандай бәйгеге қосылса да, әрдайым оның аттары бейне бір қанат біткендей ұшқыр болып, алдарына жан салмай, мәреге бірінші болып жететін.

Қасқалдақ батырдың Алтын-айдардан басқа Балай, Көкей, Бөкей, Жөкей, Төкей, Шонай, Еней, Екей, Кеней деген басқа да ұлдары болды. Батырдың он баласы соңынан жүздеген сенімді жігіт-нөкерлерімен атқа қонғанда, майдан шебіне мың жауынгер шығатын болған. Тайпаның мыңдаған көшпенділерінің қолбасы болып Қасқалдақ батыр өзі жүретін.

Бірде тайпаға ұзынқұлақтан жағымсыз хабар жетеді: өздерінің туған өзені Іленің бойымен шығыстан қаһарлы жау бет алған екен. Бұл хабармен қосарласып көршілес араласып-құраласып отырған басқа рулардың да хабаршылары келіп жетеді.

Шығыстан келе жатқан ұшы-қиыры жоқ қалың қол біздің жерлердің үстін қара күйедей жауып келеді. Көптігіне сан жетпейді, құмырысқа илеуіндегі жыпырлаған жәндіктей, жер бетін тұтас жауып, шегірткедей қаптап біздің шекарамызға таянып қалды. Егер де біздің қасиетті мекеніміз жаудың астында қалса, біз бәрінен де айырыламыз: судан да, жайылымнан да, атамекен - Отанымыздан да...»

Халық бір адамдай кеңеске жиналады. Жаппай келісіп, мынадай шешімге келеді: «Майданға шығамыз! Жауға қарсы шауып, жеріміздің шетіне де жақындатпаймыз оларды!»

Халық жиынының шешімімен Қасқалдақ батыр жауынгерлерді басқаратын болды. Ол қолбасшы болып тағайындалып, оның он ұлы жорық жетекшілері болды. Үсті-бастарына темір құрсау мен темір дулыға киген сарбаздар қалқан ұстап, болаттан құйылған үшкір семсер мен қылыш, ұзын сапты найза, жарты шақырымнан жауды жайрататын әлді садақ сияқты қарумен жарақтанған қалың әскердің сұсы суық еді.

Дегенмен де, солардың ішінен Алтын-айдардың тұлғасы бөлек, ерекше болатын. Әулеттің ең кішісі бәріне де сүйкімді болды. Ал ру басы Қасқалдақ батыр болса Алтын-айдардан алтын-күмісті аямады. Жас жігіттің алтын түстес жирен арғымағын Құлансары деп атады. Жас батыр алтын сауыт-сайманмен жарақтанған: басында дулыға, арқасы мен кеудесін алтын кіреуке жауып тұрса, беліне көшпенділердің арғы аталар - қасқырдың басына келтіріп істеген алтын айылбасты алтын белдік тағынған.

Аяғына кигені - өкшесіне алтын жалатқан алтын түстес теріден тігілген бізтұмсықты биік етік. Ол артынан ерген салт атты жауынгерлер жүздігін бастап жауға ұмтылғанда, оның үстіндегі алтын сауыты күн сәулесімен шағылысып, анадайдан көздің жауын алып, жарқылдайтын.

Шайқастың ең қиын сәттерінде інілері Алтын-айдар жүйрік атымен жүйткіп отырып, ағаларына көмекке асығатын. Алтын-айдар жақындай бергеннен ақ, жауынгерлер де жігерленіп, «алтын сарбаздың» батылдығынан қуаттанып, алдарына келген жаудың бетін қайтарып, қарсы шабуылға шығатын.

Сөйтіп, Алтын-айдар - алтын тұлымды бала көшпенділер әскерінің тірі бойтұмары, нағыз алтын батырына айналды. Қасқалдақ батыр мен оның жауынгерлері қаһарлы жаумен үш мәрте қиян-кескі соғыста белдесіп берді: бірінші шайқас Басқалқан басында, екінші шайқас - Ортақалқанда, ал үшінші шайқас - Аяққалқанда болды. Содан бері олар «үш қалқан» деп аталып кетті.

Басқыншылар Қасқалдақ пен оның ұлдарының әскерін жеңе алмады. Үш шайқастан кейін екі тарап келісімге келеді. Ұрыстан кейін бір-екі күн демалған олар, үшінші күні бәйге мен басқа да атты ойындар ұйымдастырады. Дұшпандардың да жеңдеттері ат шабысына мықты болатын. Алайда, жаудың есіл-дерті айлалап отырып, алтын сарбаздың көзін жою болатын. Ойын-сауықта қару деген ұмытылып, сайыс бейбіт жағдайда өтіп жатады.

Содан, екі салт атты топтың серке үшін тартысы - көкпардан кейін, жеңімпазы анықталмаған палуандардың күрестерінен соң, Алтын-айдардың бәрінен асып түсіп мергендігін көрсеткен садақшылардың жарысынан кейін шабандоздар қырық шақырым қашықтыққа жарысуға тиіс аламан бәйге жарияланатын болды. Әрбір тараптан шыққан он шабандоздың біреу жарыс басталған сәреге бірінші жетуі керек болатын. Аламан бәйгені тамашаламақ болған халық таудың етегіне жинала бастады. Олардың көптігі сондай, маңайдағы төбенің бәрін жауып кетті десе болатындай еді. Аттары ауыздықпен алысқан жиырма шабандоз сөреде тықыршып тұр. Олардың ішінде ал-

тын киімді Алтын-айдар да Құлансары арғымағына мініп, осы бәйгенің жүлдегері болмақ оймен жан-жағына қуанышпен қарағыштап тұрды.

Бәйгенің бас төрешісі Майқы бидің белгісімен асыға күткен бәйге басталып та кетті... Шабандоздар орасан зор Бесшатыр қорғанын екі айналып шабуға тиіс болатын. Алтын-айдар мен оның ағалары бұл бәйгені қайтсе жеңеміз деген мақсат қойған еді, өйткені олар үшін жеңіліс өліммен парапар еді; ағайынды жігіттердің қарсыластары кілең жау тарапынан.

Сап-сары сайын даланы бойлап шапқан шабандоздар ұзынынан созылып жөнep бергенде, олардың сұлбалары көкжиектен әзер көрінді. Сайыскерлер шауып өтетін бір айналымның өзі көз жетпес алыс, көкжиектің бір шетінен екінші шетіне созылып жатты. Бәйгені тамашалауға келген елдің әңгіме-дүкені тек осы аламан жарыстың төңірегiнен аспай, әркім шамасынша көз жеткізіп көргенін басқаларына жеткізіп жатты. Ара-тұра «Міне, торы ат алға шықты!», «Жоқ, оны ақ ат басып озды», «Ол ақ ат емес, көк ат қой!» деген саңқылдаған лебіздер естіліп жатты.

Алтын-айдар екі шабандозды алдына жіберіп, өзінің атының күшін тежеп, сөреге жақындағанда бір-ақ ұмтылмақшы болып өз ырғағымен жүріп отырды... Бірінші айналымды орап өткеннен соң, Алтын-айдар атының жүрісін жылдамдата бастады... Тебініп жіберіп, жас шабандоз алындағы жау жағынан жарысқа түскен сайыскерлерді басып оза бастады. Құлансары да иесінің ойын түсінгендей, әп-сәтте қарсыластардың алдына түсіп алды. Бұны көріп тұрған ел таңданысын жасыра алмай, таңдай қағысып, тәнті болды.

...Жаудың аты жау емес пе. Ешкімге жарыс өтіп жатқан жердің бір төбелерінің астында, қалың шөпке жасырынып дұшпан отырады деген ой мүлдем келмеген. Олар алтын киімді баланың басқа шабандоздардың бәрін басып озып, алға шыққанын көріп қалады. Жаудың жансыздары қайтсе Алтын-айдарға қастандық жасауды ойлайды, өйтпесе бәйгенің жеңісінен айырылары хақ. Ал жеңіліс табу өлім құшумен бірдей. Сөйтіп алтын бала жансыздардың тұсына таяна бергенде, дұшпандар жаман ащы дауыстарымен үрейлендірмек болып, қолдарындағы қару-жарақтарын оңды-солды сермелеп, шабандозды өлтіретіндей, оған қарсы ұмтылып берді. Әрине, шын мәнісінде олар баланы өлтіре алмайды, егер сондай жағдай болатын болса, жарыстың арты насырға шауып, екі жаққа да жайсыз тиетін, қиян кескі қантөгіс қайта басталып кететіні мәлім еді... Одан кейін өле-өлгенше соңыңнан қалмайтын абыройсыз атақтың өзі қайда жатыр. Жаудың екі ақымақ жансызы тым құрыса алтын баланың атын мерт етіп, қайтсе жеңіске жеткізбеуге бел буды. Арам ойын іске асырмақшы болып ұмтылған жаудан Алтын-айдардың сұңғыла Құлансарысы екінші жағына қарай шалт бұрылып кеткенде, бұны күтпеген жаудың қолындағы қаруы жерге түсіп кетті. Ат аман қалғанымен, жаудың әрекеті қайтсе кесірін тигізіп үлгірді. Екпіні сондай қатты Құлансары арғымақ сол үркіген бетінде мәреге екіленіп шаба жөнелді.

Тап осы жерде Алтын-айдардан бір олқылық кетті: арпалысып келе жатқан аттың екпінін бағамдап үлгірмеген ол, аттан қалай ұшып кеткенін байқамай да қалды. Бала құлаған бетте орнынан ұшып тұрып, атын қуып жетпек болып, тұра жүгірді. Алайда, ақылды ат иесін күтпей-ақ, ер-тұрманы бос күйінде мәреге қарай шауып, жүрісін үдеті түсті, қайтсе бірінші жету керектігін жануар да білетін.

Төбеге жиналған ел: «О, ғажап! Не де болса аттың өзі жетпек мәреге! Мұндайды кім көрген! Тіпті осынау Ұлы дала тарихында мұндай болған емес!» деп даурығысып жатты. Ал ат болса, атқан оқтай көз ұшында ұшып бара жатыр, тек алыстан желмен желбіреген күйрығы ғана әредік көрініп тұрды...

Тап осы кезде тұрған елді қақ жарып, ортаға екінші шабандоз шауып шықты, бұл Алтын-айдардың әкесі Қасқалдақ батыр еді. Ол жалма-жан Құлансарының үстіне

шауып келе жатып мініп алды да, ілгері ұмтылып берді. Бұл дер кезінде жасалған әрекет болды, себебі, шабандозсыз шапқан ат та болдырғандай болып, қарсыластардың аттары бел ала бастап еді.

Қасқалдақ батыр атқа қамшы салды, бірақ жануар денесіне қатты тиетін қайыспен емес, қамшының ағаш сабымен нұқыды. Осының өзі ақылды атқа жеткілікті еді. Құлансары қатты ұмтылып, алдындағы жеңіс тойламақшы болып желігіп келе жатқан қарсыластарының алдына оқтай зулап шығып, мәреге бірінші жетті. Төбелерде жиналып тұрған, алақандарын жайып, шүкіршілік еткен елдің - Жеңіс! Жеңіс! - деген қуанышты дауыстары саңқылдап жатты. Бірін-бірі құшақтап, бүгінгі ғажап бәйгені бір-біріне әңгімелеп, халық мәре-сәре болды. Қайсақтардың атының бірінші келгенін, олардың жеңісін мойындаған жаудың сарбаздары да келіп қосылып жатты. Иә, олар өздерінің жеңілгенін де мойындады.

Бәрінің артын ала Алтын-айдар да жетті. Не болып, не қойғанын білмеген ол, әкесінің қаһарынан қаймығып, шешесіне ұмтылды: - Ана! Ана! Мен аттан құлап қалдым, Ана! Осы кезде анасы баласын мейірлене құшақтап,: - Жылама, балам, сен жеңдің! - деді.

Бұрын болып көрмеген ғажап аламан бәйге осылайша аяқталды, онымен бірге жан түршігерлік соғыс та бітті. Жаулар мынадай ойға келді: «Ересекпен бірге баласы жаумен жағаласып соғысса, әкелері қиын-қыстауда баласының жанынан табылып, қолдаса, бұндай елді жеңу өте қиын. Тіпті, мүмкін емес». Сөйтіп, олар шегініс жасап, ортақ бейбіт мәмілеге келген екі жақ көпке дейін осы тыныштықты бұзбады. Алтын-айдарға не жаудың оғы, не семсері дарымады. Бірақ, алтын сарбаз даңқына бөленген жігітті пенденің қызыл көз қызғанышы, жауыздығы мен қара ниеті ақыры түбіне жетіп тынды. Он сегіз жасқа толғанда, ол қатты науқастанып (салқын тиген деп айтады), дүние салды. Ата-анасының, батыр ағаларының қайғылары қабырғаларын қайыстырды. Алтын-айдарды бүкіл сайын дала болып жоқтады.

Оны сол алтын киімімен жерлеп, жанына күміс шара қойған екен. Шараның бір бүйіріне әкесі мынадай жазу жазды: «Бізден ерте келешекке сен кеттің...»

«Қазақтың халық ертегісі»

1.2 XV-XX ғғ. Қазақстанда дәстүрлі зергерлік өнердің даму тарихы

Дәстүрлі зергерлік өнер қазақтардың дүниетанымының және материалдық мәдениетінің басты бөлігі болып табылады. Көптеген ғасырлар бойы дамып келген зергерлік өнер алдыңғы көшпенділік өркениеттің тәжірибесін және бай материалдық, мәдени мұраларды бойына жинақтап келді. Көршілес елдердің мәдениеттерімен және өнерлерімен араласып отырса да, Қазақстанның зергерлік өнері өзіндік болмысын жоғалтпай, ұлттық жарқын келбетімен ерекшеленіп тұрады.

Отырар қаласының кварталдары. Археологиялық қазбалар.

XIII ғасырдағы монғол басқыншылығы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларын құлдырауға ұшыратқандықтан, ұсталар мен зергерлердің



шеберханалары біраз уақыт бойы бос қалды. Тек XIV ғасырда ғана қалалық кәсіп мәдениеті қайта жандана бастады.

Археологиялық қазбаларда артельдер мен цехтарға ұқсас зергерлер мен ұсталардың бірлестіктері болғаны жөнінде мәліметтер бар. XVI ғасырдағы тарихшы Ф. Рузбиханның жазуы бойынша, қазақтардың кәсіптік өндірісінің орталығы Сырдария қалалары мен Орталық Қазақстанның, Жетісудың ауылдарында орналасқандығын білеміз. Мұнда аттары көпке әйгілі шебер ұсталар, өрнекшілер, зергерлер, металл балқытушылары, қырлауыш ісінің шеберлері еңбек еткен.

Рузбихан Бұрындық хан (XV ғасырдың соңы – XVI басы) кезінде қазақтар барлық шеберханаларының толығымен жойылғанына қарамастан, Алтын Орда зергерлерінің өндіру дәстүрін жалғастырып келгендігін жазады: «...барлық жасанның базарларында ұзақ жылдар бойы өркендеген, қазақтардың шеберханаларының жайы, басшының қолы мен қылыш соққысынан қирады».

Бұл ақпарат XVI-XVIII ғасырлардың археологиялық қазбаларынан табылған күйдірілген мөрлер, керамикамен, өрнекпен және қазақ ұлыстарының таңбасымен безендірілген шеберхана қалдықтары осы пікірді растайды. Ұсталар мен зергерлер шеберханаларының қалдықтары Отырар, Сауран, Сығанақ, Күлтөбе, Тараз, Түркістан және т.б. қалалардан да табылған.

Баянауыл округының ежелгі тұрғындарының айтуы бойынша, бұл аймақта шеберханалар XVIII ғасырда ерекше өркендеген. Мысалы, әкелері бір туысқан ағайынды Олжабай мен Едігенің шеберханасы. XVI-XX ғасырлар бойы қысқы (қыстақтар) және жазғы қоныстарда – ұсталық, ұстахана, темір шеберханалары болды.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде, басқа да халықтардың мәдениетіндегідей, теміршілік өнер мен темір ұсталығы ерекше қасиеттеліп, ерекше мәртебеге ие болған; темір ұстасы сиқырлық, бақсылық қызметпен де айналысып, оларды да жиі атқарып отырған. Қазақ халқының түсінігінде темір ұсталары күдіретті күшпен қасиетті қабілет иелері болған екен. Бұл пайым барлық түркі тілдес халықтарына тән. Зергерлердің шеберлігі мен өнері «Қобыланды» поэмасында жан-жақты жырланған. XIX ғасырдың 1-ші жартысының ақыны Дулат өзінің шығармаларында қазақтардың өміріндегі темірдің маңызын және темір өңдейтін қазақтардың еңбек сүйгіштігін басып айтқан.

Халық шеберлері темір, мырыш, қорғасын, алтын, күміс балқытып, мырышпен мыстың, күміс пен алтынның қорытпасын жасаған. Металдардың қасиетін біле отырып, зергерлер оларды көркемдеп өңдеудің әртүрлі тәсілдерін қолданған: құймалап өңдеу, соғу, шырпылау, оюлау, ескі үлгімен әшекейлеу, алтын жалату, металл мен күмісті кертіп өңдеу және т.б.

XIX ғасырдың Ресей зерттеушілері, қазақтар арасында зергерлік бұйымдарды өндіру барысында майталман суретшілер мен алтын ісінің шеберлерінің өнеріне жүгінгендігін атап өтеді. А.И. Левшин: «...зергерлік өнерде күмісшілердің, мысшылардың, ұсталардың, қырнаушылардың орны бөлек. Біріншілері мен екіншілері көбінесе ат тұрмандарына, ақық пен алтынды қолдана отырып, кертігі бар белбеулерге, сонымен қатар әйелдердің бас киіміне, кеуделік және т.б. әшекейлерді жасай алады. Ұсталар пышақ, найза, шырпу, аттардың ауыздықтарын...жасайды», – деп хабарлайды.

Қазақ халқының аңыздары мен ертегілерінде алтын шатыр, алтын сарай, ертоқым, сандық, жүген, қылыш, семсер, әйел әшекейлері, ыдыс және т.б. атаулар қосылып баяндалады. Хан Абылайдың алтыннан құйылған қару-жарақтары Көкшетау аймағынан табылды. Қоныс аударғанда көшпенділер алтын бұйымдарын бөлек сандықтарға салып жүрген. Сыйлы ақын-жырауларға марапат ретінде алтын құймаларды, алтын сақиналарды сыйға тартқан.

Бағзы замандарда алтынды күнге, ал күмісті айға балаған екен. Алтын мен күмістің бағасы да әр заманда әртүрлі болып өзгеріп отырған. XVI-XIX ғғ. көптеген елдерде айналымдағы күміс ақшаның басым болғаны белгілі болып отыр. Бұл металдың емдік қасиеті мен бірге өңдеуге көнбістігі, иілгіштігі көптеп қолдануына себеп болды. Осыған байланысты, ол қазақ зергерлерінің бұйым жасау ба-рысында кеңінен қолданылды. Қазақтардың түсінігі бойынша бұл металл табиғи сұлулығымен қоса тазартушылық, қорғаушылық қасиеттерімен де ерекшеленетін.

Тарихи мағлұматтар бойынша XIX ғасырдан бастап қазақтар алтын мен күмісті көбінесе Орта Азия мен Шығыс Түркістан базарларынан сатып алып отырған. Келімді-кетімді саудагерлерден де алып тұрған. Зергерлер сырттан әкелі-нетін күмістерден басқа, ханның таңбасы салынған күміс ақша – тиындарды да қолданған болатын. Олардан түрлі алқалар мен шолпы жасайтын; олардың бетіне өрнек салып, басқа формаға келтіру үшін кесектеп балқыта да білген. Алтын мен күміс сияқты асыл металдармен жұмыс істейтін ұсталарды «зергер» деп атаған: «зер» – алтын, алтын әшекей деген сөзден шыққан. Қазақтардың: «Алтынның құнын тек зергер білер» деген мақал да бар. Зергерлер өздері айналысатын кәсіп-машығына қарай ажыратылып отырған. Олардың арасында – «алтын соғушылар», «күміс соғушылар» болды. Қазақтарда зергерлік өнер мамандандырылған сипатқа ие болған, бұл бұйым жасау мен өндіру ерекшеліктерімен байланысты болды. Зергерлер негізінен жеке жұмыс істеп, қолынан шыққан өнерлерін мұра ретінде жиі қалдырып отыратын.

Зергерлер әйелдер әшекейлерімен қоса, киім-кешекке тағатын бөлшектерді, жеке адам тұтынатын қажет бұйымдарды, аспаздық құралдарды, киіз үй жабдықтарын, жиһаз түрлерін, ағаш пен тері ыдыстарын, музыка аспаптарын, қару-жарақ, ат саймандарын, ағаш дуалдарға арналған айылбастарды жасап шығаратын. Зергерлер алтын, күміс, темір, гауһар, маржан сияқты бағалы тастарды, түсті әйнектер мен басқа да өңдеуге жарайтын басқа да материалдарды қолданған. Зергерлер шығаратын өнімдердің ішінде елдің қандай да болмасын қоғамдық топтарында ең көп сұранысқа ие болған – әйел әшекейлері.

Зергерлік бұйымдардың сипаты мен саны адамның жынысы мен жасына қарай жіктелетін болған. Зергерлік бұйымдар әйелдің жас мөлшеріне қарай сәйкесіп отырған. Мысалы, қыздар өздерінің жасына сәйкес сырға мен білезіктің қарапайым түрлерін тағатын болған. Жасы ұлғайған сайын, қыздардың әшекейлері де күрделеніп, олардың зергерлік бұйымдары бұрынғыдан бетер безендіріле түсетін. Ал қалыңдықтың киімі мен әшекейлері өздерінің сән-салтанатымен, сәнділігімен ерекшеленетін. Олардың әшекей бұйымдары тұрмыс құрып, отбасылық өмірге бет бұрғаннан бастап, қарапайымдала беретін. Қазақы зергерлік бұйымдардың тағы бір ерекшелігі – олардың барлығы белгілі бір киім түріне бейімделіп жасалатындығы.



Қазақстан Республикасының Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайы.

Қазақстан Республикасының Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайында Қазақстан халқының ежелгі және қазіргі заманғы сәндік-қолданбалы өнерінің ең бір бай жиынтығы орналастырылған, экспонаттардың жалпы саны 5 мыңға жуық. Олардың 2 мыңнан астам экспонаты ХІХ-ХХ ғасырдың қазақ зергерлік өнерінің керемет үлгілері болып табылады. Көрмеге қойылған қазақы зергер бұйымдарды шартты түрде жеке-жеке Батыс, Шығыс, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстан деп төрт өңірге бөлуге болады.

Ұлттық киім мен зергерлік бұйым әшекейлерінде ескі әдет-ғұрып бойынша әр өңірдің өзіндік ерекшеліктері сақталып келген.

Қазақтар көшпелі өмір кешіп жүріп, малдан басқа байлығын алтын мен күміс әшекейлері түрінде сақтай білген. Алтын мен күміс іспетті бағалы металл тек адамның әшекейі ретінде ғана емес, сондай-ақ, тұрмыста қолданылатын заттардың әшекейі ретінде де қолданылған. Күміспен әшекейленген жиһаз бен ыдыс еліміздің қай жерінен болмасын кездестіруге болады. Ал кейбір бұйымдардың құрамындағы алтын мен бағалы тастардың құны адам айтқысыз қымбат болатын.

Күміспен безендіру әдеті қару-жарақ, ат тұрмандары, музыкалық аспаптар, жиһаз сияқты көптеген тұрмыстық бұйымдарға тән болған. Мүмкін, ХІХ ғасыр мен ХХ ғ. басында қазақтардың тұрмысында кеңінен тараған күміспен әшекейлеу дәстүрі қазақы зергерлік өнердің қайталанбайтын туындыларының біртумалығын түсіндіретін болар.

Сөйтіп, ХV-ХХ ғғ. қазақтың зергерлік өнері дамыған уақытты екі кезеңге бөлуге болады. Біріншісі – ХV-ғасырдың басы, ХVІІІ ғ. – дәстүрлі зергерлік ісінің жалғасуы. Екіншісі, ХVІІІ-ХХ ғғ. – дәстүрлі зергерлік өнердің түрленуі және өзгеруі. Бір-біріне түбегейлі қарама-қарсы тенденция. Зергерлік өнердің дәстүрлі техникалық ою-өрнек тәсілдерінің жаңа инновациялық әдістерімен ұштастырылып, сақталып қалған үлгілері.

Жалпы айтқанда, қазақтың алтын және күміс бұйымдарының шеберлері өңдеудің әртүрлі техникасын, оның ішінде металл өндеуде кертуді, ою, егеу, оймалау, өрнек салу, сондай-ақ, бағалы және жартылай бағалы тастармен бедерлеп әшекейлеуді жетік меңгерген. Қазақстанның зергерлік өнері ХVІІІ-ХХ ғасырларда өзінің өркендеу жолында ең жоғары деңгейіне жете отырып, сәндік бұйымдарды әшекейлеу саласында көптеген жаңа пішін мен әдістерді игере білді. Сонымен бірге, зерттеу барысында әрбір өңір көркемдік стильдегі өзіндік ерекшелігінің белгілі деңгейіне жеткенін көрсетті.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. XVI ғасырдың тарихшысы Ф. Рузбиханның жазбасы бойынша қазақтардың негізгі өнер өндірісінің орталықтарын атаңыз.
2. Металл өңдеудің көркемдік түрлерін атаңыз.
3. Зергер шеберлердің қандай мамандықтары болды?

ӨЗ БЕТІНШЕ ОҚУҒА АРНАЛҒАН

«Жылан қайыс» рәсімі және оның мифологиясы

Кезінде «Жылан қайыс» рәсімі қазақ даласында кеңінен тараған. Бұл рәсім қазақ халқының әскери бұқарашылдығын әспеттейтін ажырағысыз элементі болып келгенімен, уақыт өте келе мүлдем ұмытылған немесе бұрынғы маңыздылығын жоғалтып, еліміздің кейбір өңірлерінде мифологиялық рудимент ретінде ғана сақталып қалған.

Рәсім ер бала 4 жасқа толғанда немесе «қоянмүшелге» келгенде жасалады. Баланың әкесі мен ауыл ұстасы рәсім өткізетін күнді алдын ала белгілейді. Бұл, әдетте, жел соғып тұрған күзгі күннің бірінде жасалады. Белгіленген күні түске жақын ата-анасы баласын ертіп, ұстаға келеді. Қонақтарды төрге жайғастырған ұста, салт бойынша көрікті басып, от әбден қызған кезде, темірді отқа салып, қыздырып алып, соға бастайды. Оған дейін ұстахананың қабырғасын жағалатып, мүмкіндігінше шынайы әскери сауыт-сайман мен қару-жарақ қоюға тырысады, болмаған жағдайда жасанды құралдарды да қолдана береді. Рәсімді атқару барысында, ұста үстіне жыланның терісіне ұқсайтын, жүннен тоқылған сұр шапанын киеді. Міне, осыдан кейін рәсімді жүргізе бастайды. Алдымен ұста екі аяғын бір-бірінен алшақ ұстап тұрады да, бетін балаға бұрып, арқасын сауыт-саймандар мен қару-жараққа қаратып тұрады. Бала болса тұрған ұстаның аяқтарының арасынан екі рет (ары-бері) еңбектеп өтуге тиіс. Бірінші рет еңбектеп өткеннен соң, ұста балаға сауыт-сайманды кигізеді, ал екінші рет өткенде - қару-жарақты тағып береді. Ендігі кезекте, ұста екі алақанын отқа тосып, сәл жылығанда, баланың екі бетін сипайды. Рәсім осымен аяқталады. Әредік, осы рәсім барысында, балаға жаңа есім беретін де жағдайлар болған.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде, басқа да халықтардың мәдениетіндегідей, теміршілік өнер мен темір ұсталығы ерекше қасиеттеліп, ерекше мәртебеге ие болған; темір ұстасы сиқырлық, бақсылық қызметпен де айналысып, оларды да жиі атқарып отырған. Қазақ халқының түсінігінде темір ұсталары құдіретті күш пен қасиетті қабілет иелері болған екен.

Аяқтардың арасынан еңбектеп өтудің (нұсқалары: жатқан адамды аттау, нәрестені аяқтардың арасынан өткізу) көптеген мәдениеттердегі анық мағынасы - асырап алу, жаңа қасиетпен жаңадан туылу болып саналады...

Халық арасында осы рәсімнің тууына байланысты мынадай бір хикая бар: баяғыда кедейдің жалғыз баласы өмір сүріпті. Бір күні далада келе жатқанда: «Әй, адам, құтқаршы мені!» деген дыбысты естиді. Дауысты естіп, жалт қараса, тастың астында жаншылып, басылып жатқан жыланды көреді. Бала жыланның айтқанын орындап, оны босатып жібереді. Балаға риза болған жылан: - Мен жерасты әлемінің патшасы - Бапы ханның қызымын. Сен мені өлімнен құтқардың. Мен сенің алдыңда борыштымын. Ертең осы уақытта осы жерге қайтып кел, - дейді.

Келесі күні бала белгіленген уақытта белгіленген жерге келсе, оны өзі құтқарған жылан күтіп отыр екен. Ол баланы жерасты әлеміне алып барады. Жерасты әлемі де біздің әлемімізге ұқсайтын болып шықты. Онда да ормандар, өзендер, көлдер мен қалалар бар екен. Осының

барлығын көрсетіп болғаннан кейін, жылан баланы өзінің әкесінің алтын сарайына ертіп келді. Сарай іші толған жыландарды көрген бала, қатты қорқып кетеді. Жылан оған: - Қорықпа, олар саған ештеңе де істемейді. Бапы ханның рұқсатынсыз олар ешкімге де тиіспейді, - дейді.

Ол баланы әкесінің тағына жақын ертіп әкелді. Бапы хан: - Сен менің қызыма жақсылық істеген екенсің. Мен де сені сол үшін риза қыламын. Не қалайсың?, - дейді.

Бала: - Сіз не берсеңіз, мен соған риза боламын, - деп жауап береді.

Бапы хан: - Олай болса, көзінді жұм, - дейді.

Бала көзін жұмады. Бапы хан оны жұтып қойып, аузынан қайта шығарады. Бақса, бала басынан аяғына дейін темірден жасалған әскери сауыт-сайман киініп тұр екен.

Бапы хан: - Тағы да көзінді жұм, - дейді.

Бала тағы да көзін жұмады. Бапы хан баланы екінші рет жұтып, қайта шығарады аузынан. Екінші рет бала толығымен қару-жарақ асынып шығады.

Бапы хан оған: - Балам, осыған риза болып, үйіңе қайта ғой, - дейді.

Бала: - Сіз мені неге үшінші рет жұтпадыңыз?, - деп сұрайды.

Бапы хан: - Егер мен сені үшінші рет жұтатын болсам, сенің денең мен рухың темірге айналып кетеді. Сен адам емессің бе, (сенің табиғатың-адамдық мәнің), адам болып қала бер, - дейді.

Осы аңыздың басты кейіпкері, жер асты әлемінің патшасы Бапы хан туралы «Ер-Төстік» ертегісінде де айтылады. Қазақ мифологиясында Бапы хан ұсталық өнердің, жалпы металлургияның тәлімгері мен қолдаушысы ретінде қабылданатындықтан, ерте кездерде оған қазақ ұсталары табынатын болған. Жоғарыда айтылған аңыз дәстүрлі әдебиетте «Жыланқабықты жігіт» деп аталады. Мұнда әскери темір сауыт-саймандар адам баласына жылан ханының сыйлаған сыйы деген ұғым жатыр...

...Қазақ аңызында өнер алдындағы жауапкершілік мәселесі басты тақырып болып алынған. Бапы ханның: «Егер мен сені үшінші рет жұтсам, сенің денең мен рухың темірге айналып кетеді. Сен адамсың (сенің табиғатың-адамдық мәнің), адам болып қала бер, - деген сөздері байырғы адамдардың болмыс алдындағы өзінің жауапкершілігін жоғары бағалағандығын көрсетеді. Яғни, білім мен ілімнің, ғылым мен өнердің құндылығы мен маңызы, солар арқылы даму деңгейіне жетудің қайнар бұлағы - адамзаттың табиғатпен үйлесім таба білуінде дегенді меңзейді. Сондықтан өнер адамына ежелден үлкен жауапкершілік жүктелген. Көшпенділердің адамгершілікті ақылдан жоғары қоятын дәстүрін осы байырғы онтологиялық моральдан байқауға болады...

Т. Әсемқұлов
«Отүкен» сайты

ОҚЫТУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР

1 бөлім бойынша оқытылған материалдар негізінде келесі оқу-тәрбиелік шараларды өткізуді ұсынамыз:

1. Жергілікті тарихи-өлкетану мұражайға оқушыларды апару және Қазақстанның Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайына виртуалды саяхат ұйымдастыру.

2. «Қазақстанның зергерлік өнерінің даму тарихы» атты сыныптан тыс брейнинг, интеллектуалды ойындар, сайыстар сияқты танымдық шаралар өткізу және т.б.

3. «Есіктің Алтын адамы», «Сақ тайпаларының мәдениетіндегі «аң стилі», «XV-XIX ғасырдағы қазақтың зергерлік өнері» деген тақырыпта эссе жазу.

II тарау.
**ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРІНІҢ
НЫШАНДАРЫ МЕН БЕЙНЕЛЕРІ**

«Әшекейсіз әйел жапырағы жоқ ағашпен тең».

2.1 Ұлттық зергерлік бұйымдар мен әшекейлердің түрлері

XVIII-XX ғғ. Қазақстанның зергерлік өнері алуан түрлі бұйымдарын айшықтайды. Дәстүрлі киім-кешекпен бірге зергерлік өнер бұйымдары өңірлік, этникалық пен өзіндік ерекшелігін, әлеуметтік және жас айырмашылықтарын білдіреді. Олар тек дәстүрлі киім жиынтығына міндетті әшекейлік қосымша ғана болып қалмай, сонымен қатар халықтың пайымы мен діндарлығына сай, қорғаныш пен тұмардың да қызметін атқарған. Әрбір заттың мән-мағынасына қарай өзінің нақты орны да болған. Бір әшекейлер бас киімдерге арналған болса, енді бірі қорғаныш ретінде мойынға, кеудеге, белге, қолға және шаш бұрымдарына тағылған болатын. Сонымен қатар, әшекейлер бейнесіне келтіріліп жасалған, күміс бауға бекітілген арнайы жеке бас гигиенасының құралдары – құлақ пен тіс тазалағыштар да жасалып, пайдаланылған. Сырт пішіні мен түрі бойынша бір-біріне ұқсас бұйымдардың (білезік, сырға, жүзік) бір-бірінен өрнектеу әдісі мен жасалу техникасы жағынан айтарлықтай айырмашылықтары болған.

Қазақтың көркемдік металл пластикасының ең нақты да толық жіктелуін өзінің ғылыми-іздену шығармашылығының елеулі бөлігін қазақтың дәстүрлі өнерінің осы түрін зерттеуге арнаған, ғалым-этнограф Ш.Ж. Тохтабаева жасап шықты. Ұсынылып отырған осы жіктеме, бір жағынан, бұйымның қызметтік саладағы қолданысын ескере отырып, құрастырылған. Екінші жағынан, «жеке басты қоршаған жақын әлемнен» бастап, «отбасылық орташа әлеммен» жалғасып, соңында «алыстағы әлеммен» шектеліп, металдың адамға жақындық шамасын болжай отырып қарастыру ұсынылған.

Көркемдік металдың жіктелуі (Ш.Ж. Тохтабаева бойынша)

Қазақтардың металдық пластикасы (санат)		
<i>кіші санаттар</i>		
«Отбасылық орташа әлем»	«Жеке басты қоршаған жақын әлем»	«Алыстағы әлем»
<i>түрі</i>		
Киіз үйдің ішкі жабдығы	Зергерлік бұйымдар	Көлік құралдары
Жарық беру және жылыту құралдары	Жеке басқа қажет заттар	
Жуынатын құралдар	Кәсіби қызметке қажет заттар	

Аспаздық құралдар	Музыка аспаптарында қолданылған металл	Аңшылық құралдары
Азық дайындауға және азық-түлік сақтауға арналған бұйымдар	Әдет-ғұрып рәсімдерінде қолданылатын бұйымдар	
Ас-су керек-жарақтары	Кәсіптік әрекеттерге қажет керек-жарақтар	

Келтірілген жіктеу қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі металды қолданудың барлық салаларын жеке-жеке айқындап, металдан жасалған бұйымдарды санаттарға, кіші санаттарға және түрге бөліп қарастырады. Кіші санаттарға «Отбасылық орташа әлем» мен «Жеке басты қоршаған жақын әлем» алты түрлі топтарды қамтиды. Кіші санатқа жататын «Алыстағы әлем» – екі түрді: көліктік және аңшылық құралдарын қамтиды.

Осы нұсқаулық құрал дәстүрлі зергерлік әшекейлерге арналғандықтан, оны қарастыруға толығырақ тоқтала кетейік. «Жеке басты қоршаған жақын әлемнің» өз кезегінде ер азаматтар мен әйелдер әшекейлеріне бөлінетін кіші санатына «Зергерлік әшекейлер» жатқызылған. Әшекейлер бекітілу әдісіне қарай (алмалы: түйрелетін және тігілетін), құралымы бойынша (бау, сақина, ілгек-ілмек және топсалы әдістермен) бекітілетін және кіріктірілген қосымшалардың болуына қарай қарастырылады.

Сонымен бірге, қазақтың зергерлік әшекейлерін негізгі өңірлік айырмашылықтары, түрлері мен типтері, зергерлік бұйымдарының жасалу техникасы бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін жіктелімнің басқа да түрлері бар.

Зергерлік әшекейлерді жіктелуі (жалпы түрі)

<i>I. Зергерлік әшекейлердің өңірлік –тұрақты кешендері</i>	<i>II. Зергерлік әшекейлердің түрлері</i>	<i>III. Зергерлік әшекейлердің типтері</i>
Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстан әшекейлері.	1. Бас киім әшекейлері:	1) Бас киімге арналған әшекейлер – сәукеле бөліктері. 2) Самай салпыншақтары – үкі аяқ, шекелік. 3) Сырға. 4) Шаш бұрымдарына арналған әшекейлер – шашбау, шолпы, шаш теңге.
Батыс Қазақстан әшекейлері.	2. Мойын-кеуде әшекейлері:	1) Мойынға арналған әшекейлер – тамақша. 2) Алқа. 3) Кеуде әшекейі – өңіржиек. 4) Түйреуш, тана. 5) Күміс түйме, сабақты түйме.

Оңтүстік Қазақстан әшекейлері.	3. Қорғаушы әшекейлер:	1) Тұмар салғыштар және тұмарлар – бойтұмар, тұмарша, қолтықша. 2) Қорғауыш салпыншақтар – ақық.
	4. Белге арналған әшекейлер:	1) Бел әшекейлері – белдік алқа. 2) Камзолға арналған ілгек – қапсырма.
	5. Қолға арналған әшекейлер:	1) Білезік, бес білезік. 2) Жүзік. 3) Сақина.
	6. Гигиеналық әшекей жиынтықтары:	1) Тіс шұқығыш. 2) Құлақ тазалағыш.

Әшекей түрлерінің әр алуандылығына қарай еркектер мен әйелдердің әшекей кешендері болып бөлінетін болды.

Әшекейлердің еркектер кешені белдіктердің көптеген түрлерін қамтиды. Белдік ерлер киімінің ең негізгі әшекейі болатын. Бұл бұйымдарға қару-жарақ шеберлері бар өнерін салып, күміспен көмкеріп, оның бетіне кертіп, ою салған.

Еркектер әшекейлері кию ретіне қарай: бас киім (*көзотаға* – металмен көмкерілген бағалы тас, ай тәрізді тас салынған сәндік алқа – *жыға*), мойын-кеуделік (*дан алқа*), арқаға, белге арналған әшекейлер (белдіктер, кейде белдікке бекітілетін гигиеналық жиынтық), қолға және аяққа арналған (теңгеден жасалған тиектүйме – *теңге*, күмістен – *күміс*, *жейделерге арналған меруерттүйме*, жүзік-мөрлі жүзік – *балдақ*, *мөрлі жүзік*) болып бөлінетін.



Күмісбелдік. Ерлер белдігі. XIX ғасырдың аяғы. Мөрлі, соғылма, шегемен безендірілген. Былғары, күміс. Шығыс Қазақстанның сәулеттік-этнографиялық табиғи-ландшафтық мұражай-қорығы.

Белдіктер үш түрлі болатын: күнделікті, әскери сайманның бір бөлігі ретіндегі белдік және салтанат-жиынға тағылатын белдік. Күнделікті өмірде тағатын белдіктер, әдетте жіңішке, ешбір безендірілмеген, кейде айылбасын күмістің жұқа қабатымен қапталатын болған. Күнделіктегі тәжірибеде, қажеттілігіне қарай, белдіктің төменгі шетіне ұсақ бұйымдар сақиналардың көмегімен бекітілетін – *сақиналы белдіктер болған*.

Белдіктер – әскери сайманның ажырамас бөлігі болып табылатын және олар екі түрге бөлінетін еді: *қылыш белдік*, *кісе белдік*. Белдіктің екінші түріне әртүрлі салпыншақтар ілінетін болған.

Дулыға, қалқан, сауыт сияқты әскери жарақ-саймандар алтын, күміс жалату арқылы, кертік салып, оюлау арқылы безендірілетін болған.

Әйелдердің сан алуан әшекейлерімен салыстырғанда, ерлерге арналған зергерлік бұйымдардың жиынтығы анағұрлым шағын болатын. Оларды тағушы адамның басты мақсаты – көпшілікте оның тектілік дәрежесін көрсету.

XIX-XX ғасырдағы қазақ зергерлерінің негізгі өнімі – қалыңдық жасауының ең бағалы бөлігін құрайтын, күмістен жасалған әйел әшекейлері болды. Қалыңдықтың киімі алтын мен күміс жіптермен кестеленген, ою-өрнек салынған қызыл түсті барқыт көйлек пен камзолдан тұратын және ерекше сән-салтанатымен көздің жауын алатын.

Әшекейлер әйелдердің кішкентай кезінен басты бұйымдарының бірі болатын. Олардың болмауы, қазақ дәстүрінде қара жамылған қайғымен тең қарастырылатын. *Әшекейі жоқ әйелді жапырағы жоқ ағашпен теңестіретін болған.* Жалпы айтқанда, қазақтардың әйел әшекейінің дәстүрлі кешені өте күрделі және құнарлылық, үрім-бұтақ символикасына бағытталған болатын.

Әйел кешені. Қазақ зергерлерінің шығармашылығында ерекше орынға ие болған – әйелдер әшекейлері тағушының әлеуметтік және жас ерекшелігін білдіретін, сонымен қатар дәстүрлі пайымға сәйкес, сиқырдан қорғайтын құрал ретінде қолданылып келген. Жоғары талғаммен жасалған әшекейлер әйел көркінің ажырамас бөлігі ретінде қаралатын. Қазақ фольклоры әлемге: *«Ендеше, ... зергерге бар, ол таза алтыннан өрілген білезіктер құяды. Сен одан алтын түйме сұра, сонда ғана сен менің ақыл-парасатымды бағалайсың. ... Содан соң ұстаға бар, ол күміс құймалардан сым созады, тек сонда сен ханның сұлу қызының қолдарын көз алдыңа елестете аласың...»* дегендей кейіпкерлердің лирикалық суреттеу үлгісін сыйлады.

Қазақ қызының әшекейлерінің дәстүрлі кешені.

Әйелдер әшекейлері мына белгілер бойынша топтастырылатын: тағатын орны мен тағу әдісі, әшекейдің қызметі мен пішіні, техникасы мен атаулары. Сондай-ақ, оларды тағу әдісі бойынша: бас киім (бас киімге арналған әшекейлер, самайлық әшекейлер, сырғалар, шашқа арналған әшекейлер), мойын-кеуде (мойын мен кеудеге арналған), арқаға арналған әшекейлер (*арқа алқа*), белдіктер (*белбеу, қапсырма*), қолға арналған (*білезік, сақина, жүзік*) және аяқ киімге (айылбастар: *тана, шытыра*) деп бөлуге болады.

Бас киімге арналған әшекейлер үкі аяқ, тұмарша көбінесе Солтүстік Қазақстанда кең тараған.

Самайлық әшекейлер: жалпақ (сом, өрнекті, ширатпа (спираль тәрізді, сымнан жасалған) және көлемді. Жалпақ түрлері көп болған: шұбыртпа немесе сабақшекелік (барлық жерде тараған), ширатпашекелік немесе сәукеленің сырғасы (атауы Оңтүстік Қазақстанда кездескен). Көлемді самайлық әшекейлер – қозалышекелік тек Оңтүстік Қазақстанда болған.





Шекелік. Самайлық әшекей. XX ғасырдың басы. Күміс. Иілме, мөр басылған, дәнекерленген. Шығыс Қазақстанның сәулеттік-этнографиялық табиғи-ландшафтық мұражай-қорығы.

Орталық және Солтүстік Қазақстанның да әшекейлері алуан түрлі. Ең көп қызығушылық тудыратын әшекейлердің бір түрі – самайлық салпыншақ-қорғауыштар – үкі аяқ, онда үкі тырнақ-

тары күміспен безендіріліп, тіл-көзден сақтаушы тұмар ретінде қолданылатын. Өте әдемі, бұрымға тағатын әшекейлер – шолпы, ақық салынып сәнделген күміс теңгелерден жасалатын және бойжеткен қозғалып, жүргенде, құлаққа жағымды, әдемі сыңғырлайтын.

Ең көп таралған әшекейдің тағы бір түрі – *сырға*, олар екі түрлі болып келген: жалпақ (табақшалы, сақиналы) және көлемді (салпыншағы бар немесе салпыншақсыз).

Шашқа арналған әшекейлер үш түрлі болған: бұрым басына-түбіне арналған (*шаштеңге, сөлкебай; шолпы, меруерт шолпы, ширатпа шолпы*) және бұрымның ұшына арналған (*үзбелі шашбау, шаштүлек, шашкерме*), шашқап деп аталған.

Мойын-кеуде әшекейлері екі шағын топқа бөлінеді: мойындық (металл бұйымдар және мата негізді (астарлы) бұйымдар) және кеуделік (мойынға тағатын және киімге тағылатын).

Кеуде әшекейлері өңірше (алқа), Батыс Қазақстанда кең таралған және (барқыт, жібек, парча, мәуіті) маталардан астар салынған, негізінде тік төртбұрыш кеуделік түрінде, түрлі тастар салынып, ірі айылбастармен сәнделген әшекей түрі. *Тамақты алқаның өңіршеден айырмашылығы* – жарты ай пішінді және меруерт, көгілідір ақық пен маржан моншақтарынан жасалған тік жағамен толықтырылып отыратын. Сонымен қатар кеуде әшекейлеріне: алқалар (*өңіржсиек, алқа*) және тұмар салғыш (*тұмарша, бойтұмар*) жатады. Алқаларды асыл металдардан (алтын, күміс немесе жұқалап алтын, күміс жалатқан) – *өңіржсиек, алқа* және асыл, жартылай асыл тастардан – *моншақты алқа* жасайтын болған.

Үшбұрышты және тікбұрышты пішіндегі, өзінің сәндік өңделімі бойынша ортаазиялық үлгілерге ұқсас, Құранның дұғалы мәтіндерін салуға арналған *тұмаршалар* мен *қолтықшалар* да кеңінен таралған. Сәулеттік пішінімен көз тартатын, камзолға арналған, қой немесе барақ иттің бас бейнесінде сәнделген – *қапсырма*, құймалы ілгіштер де ерекше әдемі.

Киімнің кеудесіне айылбас түріндегі бес түрлі *тана, түйіреуіш, ахық*, гигиеналық жиынтықтар және *түйме, жалпақ түйме, тасты түйме, бүлдірген түйме* деп аталатын әшекейлер түйрелетін.

Қолға арналған әшекейлер: білезік, сақина мен жүзік барлық жерге тараған, үлкен сұранысқа ие болатын. Білезіктер сом келетін (*жұмыр білезік, бұрама білезік*), жалпақ (*жалпақ білезік, еліқабатты білезік*) және құрама (*топсалы білезік, үзбелі білезік, сәтті білезік*) деп аталатын болған.

Білезік. XX ғ. басы. Батыс Қазақстан. Күміс. Мөр басылған, орнектелген, жапсырма ою-өрнек, оюланған, құйылған. ҚР Ә. Кастеев атындағы МӨМ.



Батыс және Солтүстік Қазақстан жерінде өсімдік өрнектерімен сәнделген қарайтылған білезіктер, алқалар, сақиналар мен камзолдың беліне арналған ілмектер сияқты зергерлік бұйымдар кең тараған.

Күміс әшекейлер қыздың бала кезінен бастап өмір бойы бірге жүрген, әйел неғұрлым жас болса, соғұрлым оған көп әшекей тағу парыз еді. Дәстүрлі зергерлік кешенге бас киімдерге арналған әшекейлер, самайлық салпыншақтар – *үкі аяқ* немесе *шекелік*, сырғалар, кеуделік әшекейлерден – алқа немесе өңіржиек, шашқа арналған әшекейлер – *шолпы*, *шашбау*, камзолдың беліне арналған ілмектер – қапсырма, сыңарлы білезіктер, сонымен бірге бірнеше жүзік пен сақина кіреді.

Күміс әшекейлер бойжеткен қыздардың бала кезінен ғұмыр бойғы серігі болып келген, әйел неғұрлым жас болса, оның күміс әшекейі де соғұрлым көп болуы керек болатын.

Бойтұмар. Тұмар. XIX ғасырдың аяғы. Күміс. Өрнектелген, кертiктi, өрiлген, дәнекерленген. Шығыс Қазақстанның сәулеттік-этнографиялық табиғи-ландшафтық мұражай-қорығы.



Дәстүрлі зергерлік жиынтықтың құрамына бас киімдеріне арналған – *үкі аяқ* немесе *шекелік*, сырға, кеуделік әшекейлерден *алқа* немесе *өңіржиек*, шашқа арналған – *шолпы*, *шашбау*, камзолдың белдігін бекітіп тұратын – *қапсырма*, *қос білезік*, *сондай-ақ*, *бірнеше жүзік пен сақиналар кіретін*.

Әшекейлердің ерекше бағалы топтамасын Құраннан алынған дұғаларды салып жүретін – *бойтұмар*, *тұмарша*, *қолтықшалар* құрайтын.

Әйелдер әшекейлерінің көптігіне қарамастан, қазақ қалыңдығының әшекей кешенінің ең маңыздысы – *сәукеле деп аталатын бас киімі* туралы айта кету өте маңызды.

Пішіні бойынша *сәукеле* скиф хандарының бас киімін еске түсіреді, оған қосымша құрамына самайлық салпыншақтар, сырғалар, алқалар және үш қатарлы кеуде әшекейі – *өңіржиек*, білезіктер мен жүзіктер, тұмарлар кіреді. Жас келіншектер осы әшекейлерді тойдан кейінгі алғашқы уақытта және тойларда киіп шығатын еді.

Барлық аймақтық ерекшеліктердің ішінде көбінесе Батыс Қазақстан стилі бай сәнділігімен және соны пішінімен ерекшеленеді. Батыс Қазақстандық жалпақ білезіктер, шомбал жүзіктер, самайлық салпыншақтар, сырға мен бұрым әшекейлерінен құралатын кешеннің басты сәнді элементі – *өңіржиек* – үш қатарлы кеуде әшекейі. Оның бөлшектері жұқа күміс қаңылтырынан даярланып, алтынмен, гео-

метриялық өрнектермен сәнделеді; ақық пен әйнектен көз салынып, дақыл іспетті үшбұрыштармен және бүршіктеумен мәнерленген.

Құдағи жүзік – тек Батыс Қазақстанда ғана кездесетін кәдімгі дөңгелек қос балдақты жүзік секілді төске тағатын әшекей бұйымы.



Құдағи жүзік. Күміс, ақақ. ХІХ ғ. Батыс Қазақстан. Әшекей, бедерлеу және бүршіктеу әдістері. Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ.

Бұл жүзік үйлену тойындағы міндетті атрибут. Құдағи жүзікті қалыңдықтың анасы күйеудің анасына екі отбасының бірігуіне арнап сыйға тартады.

Балаларға арналған әшекейлер ассортименті әйелдер дікіндей бай емес. Алайда, әдейі балаларға арнап кішкентай күміс білезіктер жасалғаны, киім мен бас киімге күміс және металл қаңылтырдан жасалған, сонымен қатар, каури қабыршағынан, маржан моншақтардан, көгілдір ақықтан және тиындардан жасалған декоративті элементтер тігілгені белгілі.

Балаларға арналған әшекейлер ассортименті әйелдер дікіндей бай емес. Алайда, әдейі балаларға арнап кішкентай күміс білезіктер жасалғаны, киім мен бас киімге күміс және металл қаңылтырдан жасалған, сонымен қатар, каури қабыршағынан, маржан моншақтардан, көгілдір ақықтан және тиындардан жасалған декоративті элементтер тігілгені белгілі.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Ш.Ж. Тоқтабаеваның классификациясы бойынша зергерлік әшекейлер қандай орынға ие?
2. Ш.Ж. Тоқтабаева көркем металдан жасалған бұйымдарды қандай топтарға бөледі?
3. Ерлер әшекей бұйымдары қатарына не кіреді?
4. Әйелдер әшекей бұйымдары қатарын не құрайды?
5. Ш.Ж. Тоқтабаева бойынша «жеке бастың қоршаған жақын әлемі» қандай әшекейлерді құрайды?
6. Қазақстанның түрлі аймақтарындағы қазақ зергерлік өнерінің ерекшеліктері мен айқын сипаттары жөнінде айтып беріңіз.

2.2 Қазақ зергерлік өнері: мағынасы, символикасы және қызметтері

Зергерлік өнер қазақ халқы дүниетанымы мен материалды мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. Халық салт-дәстүрімен тығыз байланысты зергерлік өнер туындылары адамның заттық және рухани әлемі туралы ақпаратқа ие. Солар арқылы иесінің жас ерекшеліктері мен әлеуметтік дәрежесін анықтаған.

Қазақтың дәстүрлі зергерлік әшекейлері адамның өмірі бойы қоса жүрген және өмірлік кезеңдердің әдет-ғұрыптарында маңызды рөл атқарған.

Күміс шеберлердің ең сүйікті металы ғана болған жоқ, сонымен қатар қазақ халқының мәдениетінде ерекше орынға ие болды. Күмісті пайдаланудың басты себебі – оның емдік және тазартқыш қасиеттері. Қазақтар әлі күнге дейін бала 40 күнге толғандағы суға шомылдыру дәстүрін сақтап жүр. Әдетте баланы күміс әшекейлер мен тиындар салынған суға шомылдырады. Бұл дәстүрді *шілде су* деп

атайды. Сол арқылы балаға күмістей жарқын әрі бақытты өмір тілейді. Кейін балалары мен немерелерінің денсаулығы мықты болсын деп, рәсімге қатысқан барлық әйелдерге әшекейлер таратылады.

Сонымен қатар қолына күміс жүзік пен білезік таққан әйелдің жасаған тамағы таза және пайдалы болады деп сенген.

Кейбір қазақ әшекейлері атаулары адам денесі мүшелері атауынан шыққан. Мысалы, «шекелік» – *шеке* сөзінен, «білезік» – *білек* сөзінен, «белдік» – *бел* сөзінен, «өңіржиек» – *өңір* сөзінен шыққан.

Қазақ зергерлік бұйымдары үйлену тойы рәсімінің барлық кезеңдерінде кездеседі (құдалықтан бастап, үйленгеннен кейінгі бірінші жыл). Күйеу жақтан қалыңдыққа берілетін алғашқы сыйлық – *қарғыбау*. Оның шығу тегі көне түркілердің «воұтақ» сыйлығымен байланысты. Көне түркілердің үйлену тойы рәсінде алғашқы неке түні алдында қалыңдыққа «воұтақ» алқасын тағу рәсімі болған. Аталмыш алқа ерекше сипатқа ие еді, өйткені оны таққан қыздың бір әлеуметтік-жас ерекшелігі тобынан екіншіге өтуін білдіретін.

Үйлену тойы қарсаңында қалыңдық өзінің болашақ жарына *сәлемдеме* беретін. *Сәлемдеме* – жігіттің ауылындағы қыздарға арналған сыйлықтар. Оған келесі әшекейлер кіретін: сырғалар, жүзіктер және басқа да ұсақ-түйектер.

XX ғасырдың көптеген авторлары «үкі» деген символикалық атауы бар қалыңдыққа берілетін тартуды атап өтті. Сыйлықты беру рәсімі *үкітағар* деп аталады. Үкі қауырсындарын қалыңдықтың бас киіміне таққан. Сонымен қатар, құдалар қалыңдыққа сырға таққан. Бұл қызға құда түскенді білдіретін. Үкі тағу туралы «... *ен тағып кеттік, Үкі тағып кеттік*», «*қадаған үкіміз*» деп айтатын.

Үкіаяқ алқа-тұмары фрагменті. Б. Әлібай жұмысы.

Үкі – қазақтарда қасиетті құс болып саналады және оның қауырсындары қазақ ұлттық рәсімдерінде тұмар ретінде қолданылады. Үкінің қауырсындарын бала бесігіне, жас қалыңдықтың жігіт ауылына барар алдындағы жасағы артылған түйеге таққан. «Құстың және оның суреттерінің қорғау қасиеттеріне деген сенім ежелгі заманнан бастау алады».



Қатар құдалық аясындағы үкі сыйлау *күміс қадау* рәсімі кезінде жүргізілді. Күміс қадау – гаухар, маржанмен сәнделген, төске тағатын әшекейлер, жүзіктер мен білезіктерден тұратын алтын бұйымдарды қалыңдыққа сыйлау рәсімі.

Бағасы жағынан ең қымбатты және жасалуы жағынан ең қиыны – қалыңдықтың бас киімі «*сәукеле*». Оның формасы қола дәуірінен бастау алады. Археологиялық мәліметтер ерте, орта ғасырлардан бастап Ертіс маңында әйелдердің биік салтанатты бас киім кигенін көрсетеді. Ол туралы көптеген эпостық поэмалар мен аңыз-әңгімелерде де айтылады. Б.з.б. II мыңжылдықтан бастап XX ғасырдың ба-

сына дейін осы бас киім түрі Поволжье мен Тува аралығындағы, Сібір, Тәжікстан халықтарының әйелдері киімінің тұрақты элементі болып келді.

Туған отбасы ошағынан жаңа сатыға өту барлық әйел заты үшін маңызды сынақ болғандықтан, киімнің, әсіресе, бас киімнің мақсаты – оны өзіндік қорғаныспен қамтамасыз етіп, осы үдерісті жеңілдету. Бұл жердегі діни-сиқырлы қызметі әйелді «ана» ретінде қорғау идеясымен тығыз байланысты болған.

«Назарбаев Орталығы» этнографиялық залындағы экспозицияда XIX ғ. бірінші жартысында Маңғыстау облысының халық шебері жасаған *сәукеле* көрсетіледі. 1991 жылы суретші-реставратор Қ. Алтынбеков оның бастапқы көрінісін қайта қалпына келтіру үшін реставрациялық жұмыстарды жүргізді.

Сәукеле қызғылт түсті барқыттан тігілген 3 бөлікті қиық конус тәрізді негізгі бас киімнен тұрады. *Сәукелені* кішірек бас киімнің үстінен кигені белгілі, ол «*зере*» деп аталған.

Сәукеле. Алтын мен бағалы мемлекеттік металдар мұражайы.



Сәукеле жасауда негізінен қызыл түс қолданылған. Қыздар мен жас әйелдер киімдерінде осы түсті бала табу қабілетімен байланыстырған. Бас киімнің артқы бөлігі горизонталды мәнерде сырылып тігілген, маңдай бөлігі сарғыш түсті үлбірмен астарланған. *Сәукеле* сары түсті металл тілімшелерімен және түрлі пішінді ақықпен сәнделген.

Ата-аналары қыздың үйлену тойына арнайы *сәукелеге* тапсырыс жасаған. Оны жасауға ең өнерлі шеберлер ат салысқан. Алтын, күміс алқалар мен қаңылтыр белгілерді балқыту, нақыш қондыру, қалыптау және т.б. әдістерді қолданатын зергерлер жасаған. Әдетте, шебер бір *сәукелені* бір жыл дайындайтын.

Сәукелені қалыңдықтар үйлену тойы рәсімі кезінде, жас келіндер неке құрғандағы алғашқы жылынан, балалы болған уақытқа дейін киетін болған, ал кейде оны төрт-бес жыл бойы да киген. XX ғасыр басында *сәукеле*, негізінде, үйлену тойының рәсімдік киімі ретінде ғана сақталған, қалыңдық оны тек үйлену тойы рәсімдерінде киген. Күйеу жақтың туыстары қалыңдықтың мерекелік бас киімі үшін «*сәукеленің байғазысын*» берген.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде *сәукеле* XIX ғасырдың аяғына дейін үйлену тойы рәсімінің негізгі элементі және қалыңдық жасауының міндетті бөлігі болып келді. Жасауды жинаған әйелдерге қалыңдықтың анасы түрлі сыйлықтар, соның ішінде күмістен жасалған зергерлік әшекейлер ретінде, сый-кәделер таратқан.

Зергерлік бұйымдардың мағынасы тек рәсімдерді атқару кезінде ғана көрініс таппайды, сонымен қатар, күнделікті өмірде де, сынақтар кезінде де көрініс табады.

Қазақтарда балаға күмістен жасалған әйнегі немесе түймесі бар сәнді қаңылтырды сыйлау дәстүрі болған. Осы затты әйел кісі (таныс немесе көрші болуы мүмкін, тіпті балаға таныс емес болуы да мүмкін) сыйлаған. Бұл сыйлықтан кейін сол адамды баланың ата-анасы қонақ қылып күтуі тиіс еді.

Бұл дәстүр «*тана тағар*» деп аталған және қазақтардың ойлауынша, сол баланы жас ұзақтығымен және қорғаныспен қамтамасыз еткен. *Тана* – күміс немесе меруерттен жасалған қаңылтыр, түйме, әйелдер әшекей ретінде тағатын тана-моншақ. Оны сыйлау әйелге тамақ істеу мәселесін сол баланың ата-анасына жүктеуге мүмкіндік беретін. Бұл тәсілге әйелдер ерекше ауыр жұмыстар кезінде жүгінген. Бұл киіз басу немесе кілем тоқу жұмыстары болуы мүмкін.

Көптеген түркі елдерінде түйме баланың жасы ұзақтығының белгісі және ол кіндікпен бірге сақталатын. Мүмкін, бөтен кісінің бала киіміне түйме тағуы оған қорғаныс көрсетіп, тұмар ретінде қызмет етуін және игі тілектерді білдірген шығар.

«*Тана тағар*», яғни түйме сыйлау дәстүрі қонақжайлылықта тағы бір ерекшелікке ие. Егер ауылда жаңа жас отбасы қоныстанса, жасы үлкен көршілердің бірі балаға түйме сыйлайтын. Сонда баланың анасы жауап ретінде барлық жақын көршілерін қонақ қылып күтуі тиіс еді. Жаңа қоныстанғандар мен ауылдың бұрынғы тұрғындары бір-бірімен осылайша танысатын. Ал қазақтарда көршілер жақын адамдар ретінде қарастырылады. «Жаңа қоныс іздеме, жаңа көрші ізде» деп бекер айтпаған.

Кішкентай қыздарға сырға тағу міндетті болып табылатын. Қыздарға алғашқы сырғаларын әдетте үш-бес жастарында тағатын. Сырғаны тек эстетикалық мақсатта емес, сонымен қатар, қорғаныс мақсатында таққан, себебі, сырғалар құлаққа жын кіруден сақтайды деп санаған.

Тувалықтар мен өзбектердегі секілді, қазақтарда да сырға тағу дәстүрі тек қыздарда ғана емес, ұлдарда да болған. Көптен күткен немесе жалғыз ұл дүниеге келгенде, әйелдер жындарды алдау үшін баланың құлағын тесіп, сырға таққан. Оны тек бала бес жасқа толғанда ғана шешетін болған. Ал өзбектер үйленгенге дейін тағатын.

Үшбұрышты формадағы күміс *тұмарша*, тікбұрышты *қолтықша*, мұржалы *бойтұмар* тек байларға ғана қолжетімді, қымбат әшекейлер болып саналатын. Сонымен қатар бұл әшекейлер бала табу идеясының символы болған.

Дәстүрлі түсініктерге сәйкес, егер әйелге түсінде қыздың әшекей бұйымын тарту етсе, қыз туады деп есептеген, ал егер ер әшекей бұйымын тарту етсе, ұл туады деп есептеген. Жас келіншектің жеңіл босануы үшін күйеу жағының құрметті туыстары оған игі тілектерімен әшекей бұйымдарын тарту еткен. Бұл тарту «*өңір*» деп аталатын.

Зергерлік бұйымдарға, киімге секілді ерекше назар аударған, яғни, оның материалдық құндылығына емес, оның сиқырлы маңызына көңіл бөлген.

Қазақтардың дәстүрлі түсінігінде әшекейлер киім секілді иесіне «*құт*» әкеледі деген түсінік қалыптасқан. Үйленгеннен кейін жас келіншек өз әшекейлерінің бір бөлігін жаңа туыстарына таратып берген. Оны таратудың себебі ерекше сиқырда жатыр. Бұл дәстүр тұрмыс құрмаған әйелдердің жаңа келіншектің заттарын алу арқылы оның «*құтына*» қосылу ықласын көрсеткен. Жасауының бір бөлігін тарату арқылы жас келіншек оның жаңа иелеріне заттармен бірге өз «*құты*» бөлігін қоса береді деп сенген.

Қазақтардың ойынша, бағалы және ұсақ-түйек тастар сиқырлы қасиеттерге ие болған. Зергерлік бұйымға жақталған асыл тас тіл-көзден сақтайтын «*көреген көз*» идеясын білдірген.

Ақықты оның емдік қасиеті үшін бағалаған. Халық сеніміне сәйкес, бұл тас денсаулық, бақыт әкеледі, көру қабілетін сақтайды. Қазақтарда ақықпен сәнделген зергерлік әшекейлер кең таралған. Халық сенімінде ақық – береке мен қуаныш тасы, ол отбасы ошағын сыртқы негативті әсерден қорғайды, адамға жас ұзақтығы мен қосымша күш береді. Көгілдір ақық бақыт әкеледі, меруерт – тіл-көзден сақтайды, нефрит – найзағай түсуінен қорғайды. Маржан – бала табу символы, дуалаудан қорғаушы. Баланы зұлым күштерден қорғау үшін, маржанды оның бас киіміне тіккен.

Бұрынғы кезде адамдар тастар мен минералдардың емдік қасиеттеріне сенген. Мысалы, ақ шел ауруын меруерттің көмегімен емдеген. Кәріптаспен зобты, сарыауруды емдеген. Тастар символикасында оның түрлі ассоциация тудыратын түсі, бояуы маңызды рөлге ие болғаны айқын көрініп тұр.

Қазақстан керемет табиғатының барлық бояулары бар ұлттық түстер символикасында қызыл түс – қан, от, күнмен байланыстырылған, қуаныш пен сұлулықты білдірген. Көк – аспан мен судың белгісі. Жасыл – табиғаттың көктемгі оянуы. Қоңыр – жер белгісі. Ақ – сүтпен, рухани тазалықпен байланыстырылады. Қара – қараңғы, түн қараңғылығы, өлім.

Ежелгі заманда бастау алған оюлар қазақ зергерлік өнерінің көркем құрылымын құрайды. Өзіндік белгі-символдар оюдың мән-мағынасын ашады: әлемнің кереметтілігі мен гармония білдіретін күн, тау, төрт таған-(крестовина), өмір ағашы, ромб, квадрат.

Қазақ оюлары ертедегі сенімдер жаңғырығын, шынайы және мифтік кейіптерді, халық даналығының философиялық тереңдігін көрсетеді.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қазақ халқы мәдениетіндегі зергерлік өнердің алатын орны қандай?
2. Неліктен күміс қазақ зергерлері үшін жұмыста ең көп қолданылатын металл болды?
3. Қазақ зергерлік өнеріндегі оюлар мен түстердің мән-мағынасын сипаттап беріңіз.
4. Қазақтарда қандай әшекейлер тұмар ретінде қолданылады?

ОҚЫТУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР

2 бөлім бойынша оқытылған материалдар негізінде келесі оқу-тәрбиелік шараларды өткізуді ұсынамыз:

1. Жергілікті тарихи-өлкетану мұражайға бару.
2. Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайына виртуалды экскурсия жаसाу.
3. Қазақ ұлттық зергерлік бұйымдарының атаулары мен мағыналары жөнінде викторина ретінде сыныптан тыс іс-шара өткізу.
4. «Қазіргі жастар өміріндегі дәстүрлі зергерлік өнер» тақырыбында ашық сабаққа дайындалу және оны өткізу.

III тарау.

ҚАЗАҚ ЗЕРГЕРЛЕРІ ШЕБЕРЛІГІ: ДӘСТҮРЛЕР ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ЖАҢА ҮРДІСТЕР

«Зергер адам – зерделі адам».

3.1 Қазақ зергерлерінің дәстүрлі өнері

Көркем металл өңдеу әдісі түркі-моңғол халықтарының ежелгі генеалогиялық аңыздарында көрініс тапты. Алтай – түркілердің алтын бесігі (көне түркі тілінде «altun» – «алтын») деп есептеледі. Орта ғасырлық аңыздар бойынша ежелгі көшпенділер жан-жағы таумен қоршалған аймақта мал өсіріп, темір балқытқан. Үлкен көрік (горн) көмегімен ұрпақтары бір тауды балқытқан да, таулы аймақтан жазық далаға шығу жолын тапқан. Бұл құбылыс түркі және моңғол халықтары салтында сақталып қалған. Олар келген жаңа жылды төсті балғамен ұрғылау арқылы жариялаған.

XV-XXI ғғ. қазақ зергерлік өнерін зерттеу нәтижесінде үш кезең анықталған:

- XV басы – XVIII ғғ. – дәстүрлі зергерлік өнердің жалпы Еуразиялық металл өңдеу дәстүрінің жалғасуы;

- XVIII–XX ғғ. 60-70-ші жж. – дәстүрлі зергерлік өнердегі жаңарулар мен өжаңадан енген өзгерістер;

- XX ғғ. 70-ші жж. – XXI ғғ. басы – ұлттық дәстүрлердің жоғары кәсіби өнеріндегі қайта жандануы.

Екінші кезең екі қарама-қарсы үрдістің қатар жүруімен ерекшеленеді. Оюлық құрылым сақталады, сонымен қатар дәстүрлі және жаңа техникалық тәсілдер қолдануы қатар жүреді.

Қазақ халқының зергерлік дәстүрлері орта ғасыр кезеңінде дамыды, түрлі Еуразиялық мәдениеттердің әсеріне ұшырады және оның соңғы кейіпі қазақ этносымен бірге қалыптасты. XV ғ. басы мен XVII ғасыр қазақ қолданбалы өнері алдыңғы кезеңдердегі көркем металл өңдеудің үздік үлгілерін өзіне жинақтады.

Тарихи мәліметтер мен археологиялық деректерге сәйкес XIII-XIV ғғ. Түркістан, Отырар, Сығанақ, Сайрам, Сауран, Созақ, Үзгент қалаларында зергерлік өнер дамудың жоғары деңгейіне көтерілді. Бұл кезеңнің қолөнершілерінің есімдері бізге беймәлім, алайда олардың қолымен жасалған бұйымдардың әсемдігі ортағасырлық қолөнершілер шеберлігі туралы еш күмән туғызбайды.

Жергілікті дәстүрлердің сақталуымен қатар, осы кезеңнің металл өңдеу өнерінде дәстүрлердің Еуразиялық тұтастығы тән. Ол Қазақстанның тарихымен және іргелес аймақтармен, Ұлы Жібек жолының саудалық белсенділігімен тығыз байланысты болды. Орта ғасырлық авторлардың мәліметіне сүйенетін болсақ, қазақ шеберлері ежелгі зергерлердің дәстүрлерін жалғастырып келген.


Зергерлік өнер адамзаттың материалды әрі рухани мәдениетіне жатады. Ол Еуразия дала аймағы халықтарының көркем металл өңдеуінің үздік дәстүрінде дамыды және көшпенді қазақтардың өмірінде үлкен маңызға ие болды. Зергерлер әшекейлерді жасаумен қатар, музыкалық аспаптарды, үй жиһаздарын, ыдыс-аяқты сәндеумен де айналысты.

Сол кездегі қазақ халқының зергерлік өнерінде алтын, күміс металдарымен қатар мыс, қола, қорғасын пайдаланылғаны белгілі. Көшпенділер мәдениетінде күміс ерекше орын алатын болған. Ол тазартқыш және қорғаушы қасиетке бай деп саналып келген.

Қазақ зергерлерінің қолынан шыққан бұйымдары алуан түрлілігімен ерекшеленді. Олар үй қолданысындағы заттарға, аттың әбзелдерін, киімге және қару-жараққа арналған бұйымдарды жасаумен айналысты. Сол заттарда көркем өңдеу ретінде қолданылған алтын, күміс, қоладан жасалған жапсырмалар болды. Киіз үйдің ағаш және сүйек бөлшектерін, жиһазды, ас үй заттарын, ыдыс-аяқты күміс, қола, алтынмен әсемдеді. Аттың әбзелдерін, ер-тоқымды да осындай жапсырмалармен әшекейлейтін еді.

Үзеңгі – алтын және күміспен жалатылатын. Олар оюмен, күміс белгімен, нақыштамамен және қарайтылған күміспен безендірілетін. Көшпелі қазақтарда атпен үлкені де, кішісі де салт мініп жүре алатын. Әйелдер мен балаларға атпен шапқанда қажет ат әбзелдері арнайы жеке жасалатын болатын. Оған әйелдер мен балаларға арналған үзеңгі мен ер-тоқым және басқа да бөлшектері жатады. Әйелге арналған ер-тоқымның шебер жасалған бір үлгісі осы күні ҚР Орталық мемлекеттік мұражайы жинақтамасының мақтанышы болып табылады. Олар алтынмен, бағалы асыл тастармен (меруерт, ақық, маржан) безендірілген. Танымал қазақ шебері Нәби Кәрібаев алтынмен безендіру үлгісінде әйелге арналған ер-тоқым жасаған. Әйелдер мен балаларға арналған үзеңгілер бай декоративтік өңделуімен және жұмыстың шеберлігімен ерекше.

Қазақтың эпостық жырларында жауынгердің батырлығын оның әбзелдері айқындап тұрады; «*Алты құлаш ала атпен, үсті толған болатпен, сайдан шыққан қол атпен*» деген жыр жолдары осыны меңзейді. Жауынгер әбзелдері: *қылыш, қанжар, жеке ауыз, бұйда пышақ, айбалтаны* ерекше безендірген.



Айбалта. Күміс, металл. Құйма әдісі, ойып орнату әдісі. (№313-112. Санкт-Петербург қаласы, Ресей Ғылымдар Академиясының Ұлы Петр атындағы антропология және этнография мұражайы, Кунсткамера).

Қару-жарақтар мен сауыт-сайман жасау ісінде де зергерлік нақыш пен нәзіктік байқалады. Қару-жарақ нақыштамамен, соғу, зерлеу, ойып орнату әдістері арқылы, тастармен безендірілетін болған.

Санкт-Петербург қаласындағы Ресей Ғылымдар Академиясының Ұлы Петр атындағы антропология және этнография мұражайында қазақтың бес қаруының бірі – *айбалтаның* бес данасы бар. Жалпы классификацияға сәйкес *айбалта* соғыс қаруы болып табылады. *Айбалтаның* металл бөлігі оюы бар сары түсті табак металмен қапталған.

XV ғ. басы – XVIII ғасыр өнерінің жалпы ерекшеліктері – зердің байлығы, бөлшектер көптігі мен заттың құрылымдық сипатына оюдың қызметтік түрде байланысты болуы.

Бірінші кезекте, осы кезеңнің оюлық дәстүрінде техникалық әдістермен, соның ішінде бедерлеу және рельеф әдістері басым қолданылған. Бір жағынан, қола дәуіріне тән ою-өрнектің сабақтастығы ерекшелігімен көрініс берсе, ал екінші жағынан, гүлөрнек, сонымен қатар «спираль», «эллипс», «толқын» тәрізді және Х-тәріздес элементтердің тақырыбындағы түрлі вариация ретіндегі инновация байқала бастады. Орта ғасырлық шеберлердің ең сүйікті сарыны – көп күлтелі гүл сарыны, оның айналасында декоративті әсерді күшейту үшін, «бедерлеу – дақыл іспетті майда бедер» қолданылады немесе шеңбермен белдеуленеді. Сонымен қатар «бедерлеу – дақыл іспетті майда бедер» әдісі күлтенің ішінде де қолданылады. Төрт үшбұрышқа бөлінген шаршының (квадрат) ішіндегі ширатқы өрнекпен ромбты қалау, «үшкұлақ», «мүйіз» тәрізді өрнек, анар жемісінің суреті, бұталар, көп күлтелі гүлшанақ, «арка» бейнесі – бұл рельеф әдісімен жасалған ою-өрнектің небәрі толық емес тізімі ғана.

Қазақ зергерлік өнерінің жоғары деңгейін келесі факт дәлелдейді: оның үздік туындылары ХІХ ғасырда Ресей (Санкт-Петербург, Мәскеу, Екатеринбург, Қазан, Нижний Новгород қалаларының), Еуропаның бас қалаларының (Париж, Вена) көрмелерінде көрсетілді.

Сабақтастық қазақ дәстүрлі зергерлік өнерінің маңызды ерекшелігі болып табылады.

Металл өңдеу шеберлері келесідей жіктелген болатын: ұста немесе темірші, зергерлер, латунь, қола, мыс шеберлері, яғни қолашылар. Осындай мамандану ХІХ ғасырдың аяғына дейін сақталып келді. Кейін ол бір ұғымға бірікті де, «ұста» болып атала бастады. Оның жұмыс орны «шеберхана, ұстахана» деп аталатын болды.

Қазақ зергерлерінің құрал-саймандарын 6 топқа бөліп қарастыруға болады: соғатын, созатын, бұрғылайтын, жарғыш, кескіш, тегістеуіш. Нарықтың дамуымен қазақ зергерлеріне жаңа технологиялар мен құралдар қолжетімді бола бастады. Олар өндірістік құрал-саймандарды иелене бастады: қысқыштар, егеулер, бұрғылар. Қолөнершілердің химиялық реактивтерге (мүсәтір, бура, күкірт, қышқыл) қолдары жетті. Олар кейін оны күміс өңдеу ісінде өте сәтті қолдана білді. Құрал-саймандардан тұрақты түрде төс, көрік, балға, шымшуыр, тістеуік, шапқы, қайшы, біз, жалпақ, күміс еріткіш, қол таразылары қолданыста болды.


Зергердің заманауи құрал-саймандары.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбар алғашқы ұста, зергер және алғашқы 40 шебердің жақтаушысы болып табылады. Металл өңдеудің басталуы мен барлық қолөнердің дамуын осы пайғамбардың атымен байланыстырады. Дәуіт пайғамбардың қолын от күйдірмеген, ол металды қамырдай илеген деп айтылады аңыздарда. Дәуіт пайғамбардың бір кейіптерінің бірі – *дәуіт* жәндігі. Қарлығаш пен дәуіт туралы қазақ ертегісінде дәуіттің қарлығаш балапандарын жыланнан құтқарғандығы туралы айтылады. Сондықтан, дәуіт қарлығаш ұясында



тұрып, оның балапандарын қорғайды. Қазақтар ұсталық және зергерлік құралдардың сиқырлы күші бар деп есептеген. Адам ұста немесе зергер қасиетін Дәуіт пайғамбардан немесе бұрын ұсталықпен айналысқан ата-бабасынан алады деген ой болған.

Көп шеберлердің аттары белгісіз. Өндіруші шеберлердің атымен таңбаланған бұйымдар бары белгілі. Дегенмен де көптеген бұйымдардың жасаған авторлары белгісіз, себебі ұлттық өнердің авторы болмайды.



Кісе белдік – пышаққа арналған қынаптары мен ілмегі бар белдік. XIX ғ. Аяғы. Тері, металл, ақық. Қалыптама, күміс жалату, алтын жалату. (№ 439-15. Санкт-Петербург қаласы, Ресей Ғылымдар Академиясының Ұлы Петр атындағы антропология және этнография мұражайы, Кунсткамера).

Зергерлер мен ұсталардың негізгі ісі зергерлік әшекейлерді жасау болды. Санкт-Петербург қаласындағы Ресей Ғылымдар Академиясының Ұлы Петр атындағы антропология және этнография мұражайының Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының тұрмысы мен мәдениеті жинақтамасында ерлерге арналған 10 тері белдіктің бірінде араб тілінде шебердің аты жазылған: «*Киншинебай ұста*» (№ 439-15). Сонымен қатар оның жасалған мерзімі (Хижра бойынша 1169 ж., қазіргі санақ бойынша 1755/56 жж.), уақыты, дайындыққа жұмсалған уақыты (63 күн) және бағасы (300 рубль) көрсетілген.

Зергерлердің шеберлігі қазақтың мақалдарынан да көрініс тапқан: «*Зергер адам – зерделі адам*»; «*Он саусағынан өнер тамған*».

Шеберлердің саны Қазақстанның әр аймағында әр түрлі болды. Тек қана Ақмола облысында XIX ғ. аяғында 30-дан астам шебер-зергерлер жұмыс істеген екен. Оңтүстік Қазақстанда «*бесұста*» атымен белгілі ағайындылар өз шеберлігімен әйгілі болды. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда, Солтүстік, Шығыс Қазақстанда және Орталық Қазақстанда *зергер* мен *көп ұста* әулеттерінің ұрпақтары өмір сүрген болатын. Осының бәрі қазақтар арасында зергерлік өнердің кең таралғанын көрсетеді.

Танымал халық зергерлері Алданазаров А. (1904 жылы дүниеге келген, Қызылорда облысы), Ерқожаев А. (1892 жылы дүниеге келген, Алматы облысы), Жүсіпбаев К. (1901 жылы дүниеге келген, Оңтүстік Қазақстан облысы) өздерінің әкелері мен аталарынан үйренген. Қостанай облысы тумасы зергер Көгентаев С. (1898 жылы дүниеге келген) әйгілі шеберлер отбасынан шыққан. Оның отбасының 6 буыны зергерлікпен айналысқан. Оның ата-бабаларының бірі Таутеннің атағы Орталық Қазақстанда кең танымал болған. Осы әулеттен зергерлік өнер шебері Ашақбаев Р. (1888-1968) шыққан. Ол алғашқы бұйымын 13 жасында жасап шығарған екен.

Қолөнердің басқа түрлеріне қарағанда, зергерлік өнер жабық түрде үйретілді. Білім, дағды және техникалық тәсілдер анадан қызға, әкеден ұлға алмасып отыр-

ды. Металмен жұмыс істеу қолөнер тарихында ерлер ғана атқаратын қызмет ретінде қалыптасты. Алайда шебер қайтыс болған жағдайда оның ісін әйелі жалғастыра беретін болған. Олар кейін өз білгенін қыздарына үйреткен. Е. Досоваға (1901 жылы Оңтүстік Қазақстанда дүниеге келген) мұрагерлікке қалған анасының құрал-саймандары отбасылық дәстүрді жалғастыруға мүмкіндік берді.

XV ғ. – XVIII ғ. басында қазақ зергерлерінің кең қолданған техникалық тәсілдері – нақыштама, нәзік зерлеу, қалыптау, құйма және ойып орнату әдістері. XVIII – XX ғғ. қазақ шеберлерінің сүйікті техникалары: бүршіктеу, нақыштама, бедерлеу, қарайту, соғу, эмальмен әсемдеу. Сонымен қатар асыл және жартылай асыл тастардан жасалған қондырмаларды қолдану тән болды.

Қазақ зергерлеріне мына техникалар таныс болды: нақыштама, бедерлеу, бүршіктеу, қалыптау, соғу, ойып орнату, қарайтылған күміс, эмальдау, алтын және күміспен жалату, асыл тастарды қырлау. Археологиялық қазбаларға сәйкес құйма, қақтау, соғу, басып өрнектеу әдістері қола дәуірі кезеңінде бастау алған.

Саз, ағаш, балауыздан жасалған форманы қолданатын *құйма*. Балқытылған металды формаға құятын, кейін суыған соң, оны алып шығып, тегістеу жұмыстары жасалатын. *Қақтау* әдісі алтын мен күміспен жұмыс істегенде қолданылды. Алтын жұмсақ болғандықтан, оны салқын күйінде қақтады, ал күмісті салқын да, ыстық та күйінде қақтай беретін.

Қазақ шеберлерінің кең қолданылған әдістерінің бірі – қалыптау техникасы болып табылады. Қалыпталған зер бір жақты және екі жартысын қосқанда, екі жақты болып келеді. Қалыптау әдісімен жасалған бұйымдар көлемімен және салыстырмалы түрде анық суретімен ерекшеленді. *Шанпаишы* әдісі де сүйікті безендіру техникалардың бірі болды. Бұл әдіс темірге алтынмен немесе күміспен белгі жасағанда қолданылды. Көп жағдайда күміс пайдаланылды. Бұл техниканы тек зергерлер ғана емес, сонымен қатар ұсталар да қолданды.

Техникалық әдіс ретінде нақыштама ішкі кеңістікті түрлі ою-өрнекпен көркем безендіру үшін қолданылатын еді.

XIX–XX ғғ. Қазақстандағы зергерлік өнердің өзіндік аймақтық ерекшеліктері болды. Көркемдігі мен техникалық орындалуына байланысты Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан бұйымдары болып бөлінді. Сонымен бірге, мамандар әшекейлер жинағы тұтастығын атап кетеді: басқа тағатын, мойынға тағатын, кеудеге тағатын әшекейлер, білезіктер мен жүзіктер. XIX ғасырда жасалған әшекей бұйымдарына формасының мүсінділігі, бояма сарандық пен көркем образды безендірудегі аяқталушылық тән.

Орындау техникасының да аймақтық ерекшеліктері болды. XVIII–XIX ғғ. дәстүрлі зергерлік өнерінде 3 жинақ ерекшеленеді: біріншісі – Батыс Қазақстанда, екіншісі – Солтүстік, Шығыс, Орталық Қазақстанда, үшіншісі – Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда.

Батыс Қазақстанның зергерлік бұйымдары техникасымен (қалыптау, төменгі рельефті өрнектеу «бедерлеу» әдісі), формасымен (үлкен көлемді, «спиральді» конус, жартылай сфера тәріздес мүсіндік формалар), көркем образдың сомдығымен (монументалдылығымен) ерекшеленеді. Бұл жинақ әшекейлерінің түркімен, қарақалпақ және Дағыстан халықтары әшекейлерімен ұқсастығын байқауға болады.

Солтүстік, Шығыс, Орталық Қазақстанның әшекей бұйымдары шыны мен тас қондырманың болуымен, формалар мен сюжеттерінің түрлілігімен, силуэт ұзын-

дығымен, алқалардың көптігімен ерекше. Кейбір үлгілері башқұрт, татар және ұйғыр бұйымдарымен ұқсас. Шығыс Қазақстанға өзіндік қарайтылған күміс техникасы тән. Солтүстіктегі шеберлер де осы әдіске жиі жүгінетін. Орталық Қазақстандағы ең сүйікті әдіс – соғу әдісі.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға форма тұтастығы, эмаль қолдану мен түстердің кең қолданылуы тән. Кейбір үлгілері өзбек, тәжік зергерлерінің техникасына ұқсас келеді; қазақ шеберлері көгілдір эмальмен жұмыс істеу техникасын солардан үйренді, ал кейін, тіпті асып түсті.

Бұйымдардың айтарлықтай бөлігі жоғарыда қарастырылған техникалық әдістер арқылы және асыл тастан (гаухар тас, лағыл, анартас), жартылай асыл тастан (маржан, меруерт, інжу, ақық, перезе), шыны, тастан жасалған қондырманы қолданумен даярланған. Ежелден бері тастар Қазақстан аумағында да алынған, шетелден де әкелінген. Ежелде Қазақстанның оңтүстігінде перезе кен орны өндірілгені белгілі. Меруерт пен маржан тастар Қытай мен Үндістаннан әкелінетін. Көгілдір түсті перезе Ираннан әкелінетін.

Жұмыстың аяқталуы бұйымның формасына тәуелді болды. Оның формасы біртұтас немесе бірнеше декоративті элементтер мен бөлшектерден құралған болуы мүмкін. Бөлшектер дәнекерленген, кейін бау, шығыршық көмегімен тұтас бұйым жинақталатын. Арасындағы байланыс қозғалмалы, қозғалмайтын, кейде ажырайтын болып жасалған. Дайын өңделген затты суда жуатын және қышқыл (азотты, тұз, күкірт) ортада өңдеу арқылы асыл реңк беретін. Ең ақырында көмірмен, киізбен тегістеген.

Қазақтың көшпелі тұрмысы жағдайында зергерлік өндірісінде Батыс Еуропада қалыптасқан цех ұйымдары ретінде даму болған жоқ. XIX ғасырдың аяғына дейін сақталып келген ұста, зергер, қолашы мамандықтары XX ғасырдың басында мүлдем жоғалып кетті деуге болады. Жалғыз өзі металл өңдеумен айналысқан шебер барлық үш бағытты біріктіріп, қолөнерлік дағдыларын ұрпақтарына үйретіп отырды.

Кейінгі орта ғасырдағы Ұлы Жібек жолының гүлденуі, мәдениетаралық айыр-бас түркі негізінде дамыған өзіндік көркемдік ережелердің сақталуымен қатар, қазақтардың көркем металл өңдеудегі жалпы мұсылмандық стилінің қалыптасуына ат салысты.

Дәстүрлі қазақтың декоративті-қолданбалы өнері формасымен және мазмұн тұрақтылығымен ерекшеленді. Дүниетанымның этникалық ерекшеліктері, рухани құндылықтар мен эстетикалық критерийлер жиынтығы жалпы Еуразиялық ерекшеліктердің үздіктерін сіңіріп алған өзіндік зергерлік өнердің қалыптасуына жағдай туғызды.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. XV-XXI ғғ. көркем металл өңдеу тарихында қандай кезеңдерді атауға болады?
2. Зергерлік әшекейлерді жасаумен айналысатын қолөнершілерді қалай атайды?
3. Қазақ аңыз бойынша алғашқы ұста, зергер және алғашқы 40 шебердің жақтаушысы болған кім?
4. Зергерлер бұйымдарын жасаудағы техникалық әдістердің аймақтық ерекшеліктері қандай?

3.2 Қазақстанның заманауи зергерлері: дәстүрдің жаңғыруы

Қазақтың дәстүрлік зергерлік өнері үшін өткен жүзжылдықтың 70 жылдары өте ауыр тиді. Көркем дәстүрді жалғастырушылар – ұлттық шебер зергерлер кете бастады, ал жастар қалаға оқуға аттанды. Тұнбас білімді, дағдыны ары қарай жалғастыратын адам қалмады.

Ғалымдар мен өнертанушылар зергерлік өнерді бөлшектеп зерттей бастады. Қазақ даласында даңққа ие Тапай зергер (Бимагамбетов С., 1892 ж.т.) мәліметтерінің арқасында ғалымдар қазақтың дәстүрлік зергер әшекей бұйымдарының әртүрлі пішіндерінің атауларын жазып алды.

Шикізаттың жоқтығы, қазақтың атақты ақыны және қоғам қайраткері О. Сүлейменов атамыздың мәліметіне жүгінсек, «қасық» жүзіктер мен шолпылардың жасалуына түрткі болды. О. Сүлейменовтың 1978 жылғы шығармашылығының бір сюжетінде ХХ ғасырдың соңғы ширегіндегі зергерлік өнеркәсіптің аянышты күйі бейнеленеді: *«Ежелден келе жатқан сирек ұлттық зергерлік кәсібі жойылу үстінде. ...«Қайыңды» ауылында зергерлер кілем тоқушыларға қарағанда біршама аз. Оларды құрметпен «ұста» деп атайды. Олардың бәрі қарттық шақта. Шәкірттері жоқ – жойылмақ кәсіп. Торғай облыстық комитет партиясының хатшысына, У. Жәнібековке бір шебер келіп үстел үстіне ауыр бұйым қойды. Арқалықта облыстық өлке мұражайы ашылып жатқанын естіп келген бұл қарт, өзінің туындысын – құнсыз сыйын мұражайға алыстан әкелген болатын. «Маған енді ештеңе қажет емес, балам, тек бұл құндылықты Сары-Торғай ауылында 1900 жылы дүниеге келген Садуақас Кучентаев ұста жасаған деп жазсандар жеткілікті».*

Шикізаттың жеткіліксіздігінен және көне шеберлердің – металмен тіл алысқан ежелгі дәстүр сақтаушыларының кетуінен зергерлік кәсібі ұмытыла бастады және зергерлік әшекей бұйымдарын жасау барысында біртіндеп олардың сапасына зақым келтіретін сапасыз металл қолданыла бастады. Ғасырлар бойы гүлденген бұл кәсіп түптей жойылатын секілді көрінді.

ХХ ғасырдың соңы қазақтың зергерлік өнерінің дамуы үшін ауқымды өзгеріс жылдары болды, яғни бұл жылдары Қазақстандағы өнер саласында кәсіптік білім беру ұйымдары құрыла бастады.

1980 жылдары Алматы, Семей, Шымкент және Қазақстанның басқа да қалаларында қолданбалы-сәндік өнер саласында шеберлерді арнайы кәсіптік дайындаудың базасын жасау үрдісі бастау алған еді. Көркем металл өңдеу бұл қатарда

айтарлықтай орынға ие болды. Ең маңызды зергерлерді дайындау орталығы болып Алматы мемлекеттік театрлік-өнер институты саналды (Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы).

Металл суретшілерін кәсіптік дайындау зергерлік өнерді аумақтық дәрежеде емес, сондай-ақ жоғары дәрежеде де өрлетуге мүмкіндік берді. Көркем металл өңдеуді өз өмірінде кәсіп тұтқан жас өнерпаздар 70 жж. өзінде-ақ Алматы қаласындағы Н.В. Гоголь атындағы Өнер училищесінде тәлім алғанын айтып өткен жөн. Олардың қатарында Шоқпаров Дәркембай да бар, ол сонау жас шағында алғашқы дәрістерін атақты зергер әкесі Шоқпар және ағасы Ахметтен алған шеберлер.

Қазіргі таңда өнердің бұл түрі толықтай басқа дәрежеге көтерілді және өнер саласында кәсіби статусқа ие болды. Кәсіптік өнер шеңберінде жаңадан дәстүрлік бағыттар, жаңа сала түрлері пайда болды, зергерлік бұйымдар көрмелерде, өнер салондарында, заманауи өнер мұражайлары экспозицияларында ғажайып өнер туындылары деген мәртебеге ие болды.

Заманауи қазақтың суретші-зергерлердің шеберліктері мен туындылары дүние жүзіне таныс. Олардың бұйымдары әлемдік деңгейде көрініс тапты және Еуропа, Америка және Азия мемлекеттерінің әлемдік мұражайларындағы топтамалары мен коллекциялары да орнықты, өзінің лайықты орнына орналасқан.

Заманауи суретші-зергерлер қарқынды түрде пішінді, материалдарды, технологияларды іс жүзінде сынап көруде, сонымен қатар олар платина, алтын және күміспен жұмыс істейді, бағалы және жасанды тастар мен эмальдарды қолданады. Жұмыс барысында олар «архаика» мен «модерн» стильдерін есте сақтайды. Бүгінде зергерлік өнері қазақтың қолданбалы-әшекейлік өнерінде ең сәтті бағыттың бірі болып саналады.

Заманауи зергерлік бұйымдар Еуразия өнерінің мәдени дәстүрінің айқын жалғасы болып табылады. Шеберлердің жұмыстары өткен салт-дәстүрге деген адалдықты көрсетеді. ХХІ ғасырдың басында республикада өзінің шығармашылықтарында дәстүрлер мен жаңартпаны байланыстыратын суретші-зергерлер «үркері – шоқ жұлдызы» пайда болды.

Өздерінің шығармаларының техникалық кемеліне жету, әшекейлік безендіруге деген жаңа көзқарас заманауи зергерлік өнердегі төл белгілеріне шығармашылық мағына берудегі динамика жайлы сөз қозғауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Қазақстанның зергерлік өнерінде екі бағыттың, яғни дәстүр мен инновацияның үйлесімі көрініс тауып отыр. Зергерлік индустрияда шеберлер қағиданы есте сақтай отырып, бір жағынан тұрақты пішінді және орнаменттік әсемдікті ұстанушылық, басқа жағынан – олардың жаңа үйлесімділігі байқалатын зергер өнеріндегі қайталанбас туындыларды дүниеге әкеледі. Мұндай қағидалар суретші-зергерлер С. Бәшіров, С. Рысбеков, С. Оразов, Б. Әлібай, О. Өміров, И. Сүлейменов, А. Қадырбаев, К. Тасов, И. Рафиков туындыларында көрініс тапқан.

Әшекейден басқа, бүгінде зергерлер сан түрлі бойтұмарлардың, кіші мүсіндік пішіндер, кәдесыйлар, батырлар сауыт-сайманының, билік белгілерінің тарихи реконструкцияларына зор мән береді. Және бұл Қазақстанның заманауи зергерлік ісінің жаңа бағыттарының толық тізімінің әлі де толық еместігін айта кеткен жөн.

Петроглифтер сарыны А. Мұқажанов, С. Рысбеков, С. Бәшіров, З. Юлдабаев, С. Таскин секілді суретшілердің ескерткіштік туынды жасауына түрткі болды.

Қазақтың этностильдік бағытының арнасында, бірақ жаңа дизайндік зергер бұйымдарының ағымын ескере отырып жаңа шеберлер А. Құмаров, Ш. Есентаев, Л. Шкляев мен Серікқали және т.б. жұмыс жасайды.

Заманауи зергерлердің шығармашылықтарындағы ортақ мәселе – дәстүрге мағына қосу.

Зооморфтық тақырып жартылай бағалы тастарды (мүк ағаты) қолдана отырып жасалған кәдесыйлық өнімдері және Н. Жәэренчиев авторлық коллекциясының кіші мүсіндік пішініндегі заманауи дизайнерлік шешімдері сәтті үйлесім тапқан.

А. Есдәулет пен Б. Әлібай бұйымдарында реалистік және орнаменттік мағынаға ие аңдық стилді көре аламыз. Өгіз, жылан және жылқының анималистік бейнесі техникалық орындаудағы тарихи мұрагерлікті көрсетсе, А. Есдәулет жұмыстарында авторлық жаңаруды көреміз.

А. Есдәулет. «Бақсы» композициясы.

Дәстүрімізге ұқыпты қарау және оның қайта жасалуы атақты еліміздің шеберлері арқылы шығармашылықта өз орнын тапты. Оның бірі – әйгілі шебер-реставратор, скиф-сақтық дәуіріндегі жабдықтарға тарихи реконструкция жасайтын автор К. Алтынбеков.



К. Алтынбековтің талпынысының нәтижесінде әлемнің бірнеше мұражайларында көрмеге қойылатын ежелгі көшпенділердің қолданбалы өнерінің мәдениеті мен тарихының мыңдаған ешкерткіштерін өмірге қайта келді, жаңартылды. Ол Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» реконструкциясының авторы атанды, сондай-ақ, Батыс Қазақстанда табылған екінші «Алтын адамның» немесе Аралтөбедегі «сармат көсемінің» авторы.

Ең жаңа, әрі инновациялық туынды көптеген сыйлықтарға ие болған И. Сүлейменовке тиесілі, ол 2005 жылы әлемдегі зергерлік ісінің жоғарғы лауреаты даңқының, Карл Фаберженің Халықаралық премиясының иегері болып саналады.

И. Сүлейменов евразиялық стиль – этномодерн және пейзаждық ағаттан жасалған қолданбалы-әшекейлік шығармашылықтар секілді қолданбалы зергерлік өнердегі жаңа бағыттардың негізін салған, ол сондай-ақ, ғажайып дизайнерлік-технологиялық туындылардың (қозғалмалы бриллианты бар жүзік, «Әулие ошағы» атты үстел шамшырағы, ауыспалы салпыншағы бар сырғалар, «Шыңғыс хан әскерлері» атты шахмат және т.б.) туындылардың авторы. 2008 жылы Ресейде өткен жалпы кәсіби «Алтын Меркурий» зергерлер конкурсында ол Құрметті қазы мүшесіне сайланған алғашқы қазақстандық болды.



Қылыш. Е. Даубаев. Тағалау, нақыштама, жәйке тізу техникалары. Күміс, алтын.

Е. Даубаев жаңа балқыту және металды соғу әдістерінің негізін салушы. Өзінің әдістемелер сапына ол қару жасау кезінде бағалы және жартылай бағалы тастарды қолдануды қосты. Ол суық және оқ ататын қарулар жасаудың ше-

бері. Оның жұмыс сапасы шетелдік эксперттер тарапынан жоғары бағаланған. Бұл өнерпаздың шығармалары Еуропа мен Азиядағы меншіктік жиынтықтар мен мұражайларда көрініс тапқан.

Тегі Қызылордалық Б. Жакинов батырлар саймандарының толық топтамасын қайта жасауға бел буған шебер және ол пішін мен функцияны байланыстыру пікірін жүзеге асырған.

С. Таскин туындысы.

Қарағандылық шебер С. Таскин суық қару мен зергерлік әшекей бұйымдарын жасады. Шебер, әрі ұста С. Таскин өзінің туындыларында ежелгі еврейлік, славяндық және көшпенділер дәстүрлеріне көңіл бөле отырып, функционалды және эстетикалық бастамаларды үйлесімді түрде бейнелей біледі. Оның жұмыстарында біз ежелгі петроглифтік, полихромдық және андық стилді еске түсіретін бейнелерді көре аламыз.



Батыс Қазақстан стиліндегі әшекейлер. Б. Әлібай жұмыстары.

Астана қаласы «Назарбаев Орталығында» Берік Әлібай басқаратын зергерлік ұстаханасы мен реставрация бөлімі бар. Ол мұрагер-зергер. Б. Әлібай – Қазақстан көлемінде және көршілес елдерге танымал атақты шебер зергер. Ол

көбіне әшекейлер, бойтұмарлар, қарулар, белдіктер, металдан жасалған инсталляциялар жасайды, алтын мен платинамен жұмыс істейді. Жас келінге арналған той топтамасын және салт бойынша құдағиға сыйға тартылатын жүзік (екі-үш шеңбері бар үлкен сақина) секілді бұйымдарға сұраныс көп түседі.

Солтүстік, Оңтүстік, Батыс Қазақстан зергерлік үлгілерді жетік меңгерген Б. Әлібай батысқазақстандық дәстүрлерді дәріптеуді жөн көреді, себебі, оның

сөзінше, батыстың дала құдіретіне табынушылығы мен өткен тарихына сәйкес қазақтардың өнердегі санасының өзгешелігімен айқындалады.

Заманауи зергерлік ісі институционализация кезеңінен де өтті. Қазақстанда «Қазақстан зергерлер гильдиясы» құрылды және қазір өз дәрежесінде өз ұызметін атқаруда. Жыл сайын зергерлер «Шебер» атты зергерлерді демеу орталығы тарапынан ұйымдастырылатын «Зергер» конкурсына қатысады.

Ұлттық мұраның көбеюі мен қайта жаңаруын көрсететін мәдени көп түрлілік бағыт-бағдары Қазақстанның барлық қолданбалы-әшекейлеу өнерінде және зергерліктің дамуында заманауи қағидаларды орнатады. Мемлекет тарапынан қолдау көрген бұл стратегия этникалық ерекшелікті сақтауға, сондай-ақ, әлемдік зергерлік үрдіске ат салысуға және қазақ ұлтының құндылықтарын бүкіл адамзат мүлігіне айналдыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ғылым қазақтың зергерлік өнерін зерттеуде. Сонымен қатар, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы этнология және тарих институты «Тарих және этнография» тақырыбында жұмыстар жүргізуде, себебі бұл тақырып ұлттың өнерін зерттеудегі маңызды іс болып саналады.

Заманауи қазақтың қолданбалы-әшекей өнерінің ахуалы оның құрамының және пішінінің тұрақтылығының негізі болып табылады.

Қазақтың зергерлік өнері халықтың тарихымен тығыз байланысты және тамырын тереңге жайған қайнар көздерін және мәдениет дамуын көрсетеді. Заманауи зергерлердің шығармаларында дәстүрдің мұрасы сақталған. Заманауи шеберлер өткеннің ең үздік зергерлік өнерінің үлгілері арнасында зергерлік істі одан әрі дамытуда.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. XX ғасырдың 70 жылдарында зергерлік ісінің төмендеуіне қандай жағдайлар себеп болды?
2. Қолданбалы-әшекей өнері аясында Қазақстанда шеберлерді кәсіби дайындау қашан жолға қойылды?
3. Қазақстанның зергерлік өнерінің дамуына айтарлықтай үлес қосқан заманауи қазақстандық зергерлерді атап өтіңіз.

ОҚЫТУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР

3 бөлім бойынша оқытылған материалдар негізінде келесі оқу-тәрбиелік шараларды өткізуді ұсынамыз:

1. Көрініс құрастыру және білім беретін мекемелер шеңберінде заманауи қағидалардың дамуы мен қазақ зергерлерінің дәстүрлік өнер тарихы жайлы сынып сағаттарын өткізу.
2. Көрініс құрастыру және мұражайдың этнографиялық экспозициясы жайлы сабақ өткізу.
3. Атақты шебер зергердің қатысуымен сабақ өткізу.
4. Төмендегі тақырыптар бойынша оқушыларға реферат дайындату: «Қазақтың салттық зергерлік өнері», «Зергер – ұлттық шебер», «Қазақстандағы заманауи зергер ісінің шеберлері». Қолданылған әдебиеттер тізімі көрсетілген бөлімі бар өзі таңдаған немесе ойлап табылған тақырыптар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұсынылып отырған материал оқушының жалпы ой-өрісін кеңейтуге бағытталған. Өзіндік дәстүрлі өнердің дамуының тарихы және басты бағыттарымен танысу жас буынға қазақ халқының рухани және материалды мәдени мұрасына араласуға мүмкіндік береді.

Бұл кітап дәстүрлі зергерлік өнердің тарихы мен дамуы жөнінде жалпы түсінік қалыптастыруға көзделген. Әдістемелік оқу-құрал мазмұны жастар арасында патриоттық сезім мен эстетикалық талғам қалыптастыруға, рухани-өнегелі дамуды арттыруға бағытталған.

Бұл басылым оқырмандарды халық және кәсіби шеберлердің рухани ізденістері әлемімен, зергерлік өнер бұйымдарындағы олардың жоғары шеберлігімен танысуға көмек тигізетіне авторлардың еш күмәні жоқ. Бұл оқу құралы жастар арасында зергерлік өнерге деген қызығушылығын оятады.

Әдістемелік оқу құралы мүмкіндіктерді көбейтеді және жалпы білім беру мекемелерімен қатар, қосымша білім беру мекемелерінде де (студиялар, көркемөнер мектептері) мұғалімдер үшін жақсы оқу-әдістемелік демеу болады. Қазақтың дәстүрлі зергерлік өнерінің өзіндік әлемімен танысу сыныптан тыс іс-шараларды өткізу ұсыныстарын жасауға мүмкіндік береді. Жалпы әдістемелік оқу құралының әр параграфы бойынша сыныптық және сыныптан тыс қосымша іс-шараларды өткізу жоспарларын құруға, сонымен қатар өз бетінше қазақ зергерлік өнері тарихын зерттеуге болады.

Оқу құралы материалдарын отандық тарихты, мәдениеттануды, әдебиетті және т.б. зерттеуде қосымша курс ретінде де қолдануға болады.

Әдістемелік құрал иллюстрациялармен безендірілді (материалдар ашық қолжетімді интернет дереккөздерінен алынды).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Отрар в XIII-XV веках. - Алма-Ата: Наука, 1987. - 256 с.
- Акишев А.К.* Искусство и мифология саков. - Алма-Ата: Наука, 1984. - 176 с.
- Аргынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Өнер, 1987. - 168 б.
- Асанова С., Птицина А.* История казахской национальной одежды и прикладного искусства: Учебник. - Астана: Фолиант, 2008. - 208 с.
- Древнее золото Казахстана.* (Составитель *Акишев К.* - Алматы: Өнер, 1983. - 264 с.
- Древнетюркский словарь.* Л.: 1969. - 678 с.
- Ергалиева Р.А.* Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. Живопись и скульптура. - Алматы, 2002. - 183 с.
- История Казахстана (с древнейших времен до наших дней).* В пяти томах. Т.1. - Алматы: Атамұра, 2010. 544 с., илл.
- Қамзабекұлы Д.* Қазақша-орысша тілмаштаның тағылымы // Тіл және қоғам. - 2004 - 12 - 08. - №1. - с. 102-105. на каз. яз.
- Қарлығаш пен Дәуіт.* // Қазақ ертегілері. Т.5. Алматы: Жазушы. - с.202.
- Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Қазақстан, 1995. - 240 с.4-22.
- Қурылев В. П.* Оружие казахов // Материальная культура и хозяйство народов Кавказа, Средней Азии и Казахстана / Сборник Музея Антропологии и Этнографии XXXIV. Л., 1978. - с. 4-22.
- Қурылев В.П.* Казахские кожаные мужские пояса в собраниях МАЭ // Памятники традиционной-бытовой культуры народов Средней Азии, Казахстана и Кавказа. Л., 1989. - с.85-97.
- Лобачева Н.П.* О некоторых чертах региональной общности в традиционном костюме народов Средней Азии и Казахстана. В кн.: Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана. - М.: Наука, 1989. - 255 с.
- Маргулан А.Х.* Казахское народное прикладное искусство. - Алма-Ата: Онер, Т.1. - 1986. - 256 с.
- Маргулан А.Х.* Сочинения: в 14 т. Т.2. Сарыарка. Горное дело и металлургия в эпоху бронзы. Джекказган - древний и средневековый металлургический центр (городище Милыкудук) / Сост. *Д.А. Маргулан, Д. Маргулан.* - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. - 144 с. + вкл. 40 с.
- Масанов Э.А.* Ювелирное производство. Кузнечное и ювелирное ремесла в казахском ауле // Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. - с. 156-170.
- Рашид ад-Дин.* Сборник летописей / Пер. с перс. *Л. А. Хетагурова*, ред. и прим. проф. *А. А. Семенова.* - М., Л.: Издательство Академии Наук СССР, 1952. - Т. 1, кн. 1. - 315 с.
- Сураганов С.К.* Серебро казахских зергеров: традиции в современном ювелирном искусстве. Археология, этнография и антропология Евразии № 3(39) 2009. - с. 136-144.
- Сычева Н.С.* Ювелирные украшения народов Средней Азии и Казахстана XIX-XX веков. Из собрания Государственного музея искусства народов Востока. М., Советский художник. 1984.
- Тәжімуратов Ә.* Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977. - 75 б.
- Тохтабаева Ш.Ж.* Серебряный путь казахских мастеров. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - 474 с. + 124 с. вкл.
- Тохтабаева Ш.Ж.* Қазақтың зергерлік өнері / Алматы: Алматыкітап, 2011 - 384 бет, суретті.
- Усманова Э.Р., Логвин В.Н.* Женские накосные украшения Казахстана: (эпоха бронзы). Караганд. гос.ун-т им.*Е.А.Букетова*, Кустан. гос. ун-т им.*А.Байтұрсынова*, Лисаков.музей истории и культуры народов Верх. Притоболья. - Лисаковск.1998. - 64 с.
- Шаханова Н.* Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). - Алматы: Казакстан, 1998.- 184 с.
- Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д.* / Қазақтың қолданбалы өнері / Көпшілік-танымдық / Алматы: Алматыкітап, 2007.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
<i>I тарау.</i> Қазақстан аумағында зергерлік өнердің пайда болуы және даму тарихы.....	4
1.1 Ежелгі және орта ғасырларда Қазақстан аумағында зергерлік кәсіптің пайда болуы.....	4
1.2 XV-XX ғғ. Қазақстанда дәстүрлі зергерлік өнердің даму тарихы.....	10
<i>II тарау.</i> Қазақтың ұлттық зергерлік өнерінің нышандары мен бейнелері.....	16
2.1 Ұлттық зергерлік бұйымдар мен әшекейлердің түрлері.....	16
2.2 Қазақ зергерлік өнері: мағынасы, символикасы және қызметтері.....	22
<i>III тарау.</i> Қазақ зергерлері шеберлігі: дәстүрлер тұрақтылығы мен жаңа үрдістер.....	27
3.1 Қазақ зергерлерінің дәстүрлі өнері.....	27
3.2 Қазақстанның заманауи зергерлері: дәстүрдің жаңғыруы.....	33
ҚОРЫТЫНДЫ.....	38
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	39

Басуға 27.11.2013 қол қойылды. Пішімі 60x84¹/₈. Офсеттік басылыс. Қағазы офсеттік. Физ. б. т. 5. Шартты б. т. 10,0. Есеп. б. т. 10,2. Тапсырыс № 254. Таралымы 3000 дана.

Қазақстан Республикасы. «Полиграфсервис» ЖШС.
Алматы қаласы, 050050, Зеленая көшесі, 13а.